- Nixdorf, I., Beckmann, J., & Nixdorf, R. (2020). Psychological predictors for depression and burnout among German junior elite athletes. *Frontiers in Psychology*, 11, 601. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2020.00601>
- Sun, H., Soh, K. G., Mohammadi, A., Toumi, Z., Zhang, L., Ding, C., Gao, X., & Tian, J. (2024). Counteracting mental fatigue for athletes: A systematic review of the interventions. *BMC Psychology*, 12, 67. <https://doi.org/10.1186/s40359-023-01476-w>
- Ward, T., Stead, T., Mangal, R., & Ganti, L. (2023). Prevalence of stress amongst high school athletes (v2). *Health Psychology Research*, 11, 70167. <https://doi.org/10.52965/001c.70167>
- Yang, B., Zhang, Z., Zhang, J., & Arsaythamby V. (2024). The relationship between competitive anxiety and athlete burnout in college athletes: The mediating roles of basic need satisfaction. *BMC Psychology*, 12(1), 416. <https://doi.org/10.1186/s40359-024-01888-2>
- Yıldırım, M., Kaynar, Ö., Chirico, F., & Magnavita, N. (2023). Resilience and extrinsic motivation as mediators in the relationship between fear of failure and burnout. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 20(10), 5895. <https://doi.org/10.3390/ijerph20105895>
- Zhungussova, A. T., Aubakirova, Zh. K., & Subba, U. K. (2025). Components of perceptions of social support as a determinant of athletes' engagement in athletic training. *Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University. Series: Psychology*, 3(84), 47–55. <https://doi.org/10.51889/2959-5967.2025.84.3.004>

Information about authors

Tilmangambetova R. – Corresponding author, PhD Doctoral Student of the Educational Program “8D03103 – Psychology”, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev Street, 010008, Astana, Kazakhstan. E-mail: tilmagambetovar@gmail.com

Utalieva Zh. – Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev Street, 010008, Astana, Kazakhstan. E-mail: zhanna.utalieva@mail.ru

Tulegenova L. – Colonel of n.s NSK Military Medical Center, Kuanyshbayev str. 9/3 flat 12, 010008, Astana, Kazakhstan. E-mail: Msslilit@mail.ru

Sautenkova M. – Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor, Department of Psychology and Special Pedagogy, K. Zhubanov Aktobe Regional University, 34 A. Moldagulova Avenue, 030000, Aktobe, Kazakhstan. E-mail: marina.sautenkova@mail.ru

Авторлар туралы мәлімет

Тильмагамбетова Р.Е. – хат-хабар авторы, «8D03103 – Психология» білім беру бағдарламасының PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көшесі, 2, 010008, Астана, Қазақстан. E-mail: tilmagambetovar@gmail.com

Уталиева Ж.Т. – психология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көшесі, 2, 010008, Астана, Қазақстан. E-mail: zhanna.utalieva@mail.ru

Тулегенова Л.А. – Ұ.қ. Подполковнигі ҰҚК Әскери-медицина орталығы, Қуанышбаев көш. 9/3 21 пәтер, 010008, Астана, Қазақстан. E-mail: Msslilit@mail.ru

Саутенкова М.Ю. – психология ғылымдарының кандидаты, «Психология және арнайы педагогика» кафедрасының доценті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ә. Молдағұлова даңғылы, 34, 030000, Ақтөбе, Қазақстан. E-mail: marina.sautenkova@mail.ru


Сведения об авторах:

Тильмагамбетова Р.Е. – автор для корреспонденции, PhD докторант образовательной программы «8D03103 – Психология», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан. E-mail: tilmagambetovar@gmail.com

Уталиева Ж.Т. – кандидат психологических наук, доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан. E-mail: zhanna.utalieva@mail.ru

Тулегенова Л.А. – подполковник н.б., Военно-медицинский центр КНБ, ул. Куанышбаева, 9/3, 21010008, Астана, Казахстан. E-mail: Msslilit@mail.ru

Саутенкова М.Ю. – кандидат психологических наук, доцент кафедры психологии и специальной педагогики, Актыбинский региональный университет имени К. Жубанова, проспект А. Молдагуловой, 34, 030000, Актобе, Казахстан. E-mail: marina.sautenkova@mail.ru



ҚАЗІРГІ ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ӨЗ-ӨЗІНЕ СЕНІМСІЗДІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Д.Б. Ешенкулова¹, А.С. Усипбекова², А.З. Турсынбаев³,
А.Б. Жауен^{*4}, Н.Д. Унарбекова⁵

¹Мирас университеті, Шымкент, Қазақстан

²Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

³М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

⁴А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

⁵А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан

E-mail: ¹eshenkulova.d@miras.edu.kz, ²st.aru2005@mail.ru, ³abay_41@mail.ru,
⁴azhauyena21@mail.ru, ⁵n47961946@gmail.com

Аңдатпа. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі және цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жеткіншек тұлғасының психологиялық дамуына, өз-өзіне деген сенімділіктің қалыптасуына айтарлықтай ықпал етуде. Әсіресе әлеуметтік желілер, онлайн-коммуникациялар және виртуалды өзара әрекеттесу формалары жеткіншектердің өзіндік «Мен» бейнесін қалыптастыру үдерісін жаңа деңгейге көтеріп, оны күрделендіре түсуде. Жеткіншектік кезең – тұлғаның өзіндік санасы қалыптасатын, әлеуметтік рөлдер мен құндылықтарды меңгеру үдерісі қарқынды жүретін күрделі даму сатысы, осы кезеңде «өз-өзіне сенімділік» деңгейі жеткіншектің психологиялық саулығын, тұлғалық дамуын және әлеуметтік бейімделуін айқындайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Алайда цифрлық ортадағы идеалдандырылған бейнелер мен тұрақты әлеуметтік салыстырулар бұл сенімділіктің қалыптасуына кері әсер етуі мүмкін. Мақалада қазіргі цифрлық қоғам жағдайындағы жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігінің психологиялық ерекшеліктері қарастыру мақсат етілді. Эксперименттік зерттеу жұмысына мектептің 7-8 оқушылары қатыстырылды. Зерттеу барысында Г.Н. Казанцева-ның «Жалпы өзін-өзі бағалауды зерттеу» сауалнамасы, Г. Кожухарьдің «Білім беру ортасындағы тұлғааралық қатынастардың сапасы» әдістемесі және А.М. Прихожан-ның «Өзіне деген сенімділікті бағалау» сауалнамасы қолданылды. Алынған зерттеу нәтижелері SPSS статистикалық бағдарламасы арқылы өңделіп, талданды. Эксперименттік зерттеу нәтижелеріне сәйкес жеткіншектердің өзіндік бағалауы мен тұлғааралық қатынастары олардың өз-өзіне деген сенімділік деңгейіне тікелей әсер ететінін көрсетті. Теориялық негіз ретінде шетелдік

Түсті: 07.05.2026; Жөнделді: 20.05.2026; Мақұлданды: 20.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

*Хат-хабар авторы

ғалымдар Г.С. Холл, Ж. Пиаже, Л. Колберг, З. Фрейд, Э. Эриксон еңбектері және кеңестік кезеңдегі Л. Выготский, Д. Эльконин, А. Леонтьев, Л. Божович зерттеулері қарастырылды. Сонымен қатар, қазақстандық ғалымдар Қ. Жарықбаев пен С. Қалиевтің еңбектері және заманауи зерттеушілердің А. Kumar, Valkenburg P. M., Meier A., & Beyens I., Huang C. мақалалары талданды.

Түйін сөздер: цифрлық қоғам, қоғам, жеткіншек, сенімсіздік, өз-өзіне сенімсіздік, сенімділік, бағалау.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану және цифрландыру дәуірінде жеткіншектердің тұлғалық дамуы жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларда жүзеге асуда. Интернеттің, әлеуметтік желілердің және цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жасөспірімдердің дүниетанымына, өзіндік бағалауына және әлеуметтік мінез-құлқына айтарлықтай ықпал етуде, осы тұрғыдан алғанда жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігі мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық орта факторларын ескере отырып, жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу және олардың өз-өзіне сенімділігін қалыптастыру ерекше өзектілікке ие. Білім беру ұйымдары тек академиялық білім берумен шектелмей, оқушылардың цифрлық сауаттылығын, сыни ойлауын және эмоционалдық тұрақтылығын дамытуға бағытталуы тиіс. Алайда жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігінің пайда болу себептері мен оның цифрлық ортадағы көрініс беру ерекшеліктерін кешенді түрде зерттеу әлі де тереңдетуді қажет етеді. Бұл мәселені ғылыми тұрғыда зерделеу жеткіншектердің психологиялық саулығын сақтауға, оны алдын алу және түзету жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігінің психологиялық ерекшеліктерін цифрлық қоғам контекстінде зерттеу қазіргі психология ғылымы мен білім беру практикасы үшін аса маңызды әрі өзекті болып табылады. Жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігі олардың мінез-құлқында да көрініс табады, олар көбінесе белсенділіктен қашқақтап, өз пікірін ашық білдіруден қорқады, ал кейбір жағдайларда сенімсіздік агрессия, тұйықтық немесе әлеуметтік оқшаулану түрінде байқалады, ал ол тұлғалық даму мен әлеуметтік бейімделуге кері әсер етуі мүмкін.

Өз-өзіне деген сенімсіздік жеткіншектерде эмоционалдық тұрақсыздықтың, мазасыздықтың, өзін төмен бағалаудың, қарым-қатынас қиындықтарының, сондай-ақ оқу мотивациясының төмендеуінің негізгі себептерінің біріне айналуы мүмкін. Цифрлық қоғам жағдайында бұл құбылыс жаңа мазмұнға ие болуда, атап айтқанда кибербуллинг, лайк пен пікірлерге деген тәуелділік, виртуалды және шынайы «Мен» арасындағы алшақтық сенімсіздікті күшейтетін маңызды факторлар ретінде көрінеді. Аталған мұндай психологиялық ерекшеліктер жеткіншектің тұлғалық әлеуетін толық жүзеге асыруына кедергі келтіріп, оның болашақ өмірлік бағытына кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар, өз-өзіне сенімсіз жеткіншектер цифрлық кеңістікте де, шынайы ортада да әлеуметтік оқшаулануға, девиантты мінез-құлыққа немесе психоэмоционалдық күйзелістерге бейім болуы ықтимал.

Жеткіншектік кезең – тұлғаның өзіндік санасы қалыптасып, «Мен» тұжырымдамасы дамитын маңызды даму сатысы. Бұл кезеңде олар өз қабілеттерін, мүмкіндіктерін және әлеуметтік орнын бағалауға тырысады, алайда қазіргі цифрлық орта бұл процесті күрделендіре түсуде. Әлеуметтік желілерде идеалдандырылған бейнелердің, жетістікке жеткен адамдардың өмірінің жиі көрсетілуі жеткіншектердің өзін басқалармен салыстыруын күшейтеді. Мұндай салыстырулар көбінесе шынайы емес стандарттарға негізделіп, нәтижесінде өзіндік бағалаудың төмендеуіне және сенімсіздіктің қалыптасуына әкелері сөзсіз.

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі таңда да мақала тақырыбымызға сәйкес заманауи зерттеулерде жетіліп артылады. Заманауи зерттеулерде, мәселен доктор А. Kumar (2023). «Әлеуметтік желілердің жеткіншектердің өзін-өзі бағалауына әсері: қиындықтар мен мүмкіндіктер» атты мақаласында әлеуметтік желілерді пайдалану мен жасөспірім-

дердің өзін-өзі бағалауы арасындағы күрделі өзара байланысты зерттеген. Ғалым эмпирикалық зерттеулер мен теориялық тұжырымдамаларға сүйене отырып, оның жағымды да, жағымсыз да салдарын қарастырып, әлеуметтік және психологиялық факторлардың реттеуші рөлін атаған, сондай-ақ тәуекелдерді азайту және цифрлық технологиялармен неғұрлым салауатты қарым-қатынасты дамыту стратегияларын ұсынған.

Valkenburg P. M., Meier A., & Beyens I. (2025). «Жасөспірімдердің әлеуметтік желілерде жариялау белсенділігі, әлеуметтік қолдау және өзін-өзі бағалау» атты зерттеуінде екі жылдық кезең ішінде жасөспірімдердің әлеуметтік желілердегі мінез-құлқы мен олардың қабылдайтын әлеуметтік қолдауы арасындағы өзара байланысын қарастырған.

Huang C. (2024). «Әлеуметтік желілер және өзін-өзі бағалау: мета-талдау» атты еңбегінде әлеуметтік желілерді пайдалану мен адамның өзін-өзі бағалауы арасындағы байланысты бірқатар зерттеулердің нәтижелерін біріктіру арқылы талданған. Мета-талдау әдісі арқылы әлеуметтік желілерді шамадан тыс немесе пассивті түрде пайдалану (мысалы, басқаларды тек бақылау) өзін-өзі бағалаудың төмендеуімен байланысты болуы мүмкін екенін көрсетсе, ал белсенді әрі саналы пайдалану (контент жариялау, қарым-қатынас жасау) кей жағдайда әлеуметтік қолдауды арттырып, сенімділіктің артуына, өзін-өзі бағалауға оң әсер етуі мүмкін - деген тұжырымға келген. Сонымен қатар, жұмыста бұл байланысқа әсер ететін факторлар - жас ерекшелігі, жынысы, жеке психологиялық ерекшеліктері және қолдану мақсаты — маңызды рөл атқаратынын атап өткен. Автор әлеуметтік желілердің әсері біржақты емес екенін, оның қалай және қандай мақсатта қолданылуына байланысты әртүрлі болатынын алға тартады.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, «өз-өзіне сенімсіздік» жеткіншектерде эмоционалдық тұрақсыздықпен, өзін-өзі қабылдамаумен және әлеуметтік тәуелділікпен сипатталады. Ж.Т. Нұрмахановтың (2018) еңбегінде Э. Эриксон теориясы бойынша, бұл кезеңде тұлға «сәйкестілік дағдарысын» бастан кешіреді, егер ол өзінің кім екенін, қандай құндылықтарды ұстанатынын анықтай алмаса, онда жеткіншек сенімсіздікке, ішкі қайшылықтарға ұшырайды, әрі цифрлық орта бұл дағдарысты күшейтіп, тұлғаның тұрақты «Мен» бейнесін қалыптастыруын қиындатуы мүмкін. Сонымен қатар, А. Бандураның әлеуметтік-танымдық теориясы да жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігін түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Автордың «өзіндік тиімділік» ұғымы адамның өз әрекеттерінің нәтижелі болуына деген сенімін білдіреді. Әлеуметтік желілердегі жағымсыз пікірлер, кибербуллинг және лайк санына деген тәуелділік жеткіншектердің өзіндік тиімділік сезімін төмендетіп, сенімсіздікті күшейтері анық.

Қазіргі цифрлық қоғам жағдайындағы жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігінің қалыптасуына әсер ететін факторлар да әртүрлі. Отбасындағы эмоционалдық қолдаудың жеткіліксіздігі, ата-аналардың балаға деген шамадан тыс талап қоюы немесе керісінше, бақылаудың әлсіздігі жеткіншектің өзіндік бағасына кері әсер етеді. Сонымен қатар, мектеп ортасы, құрдастармен қарым-қатынас және қоғамдағы табысқа жетудің стереотиптері де маңызды рөл атқарады, ал цифрлық орта болса бұл факторлардың әсерін күшейтіп, кейде теріс бағытта ықпал етуі әбден мүмкін.

Жеткіншектердің өз-өзіне сенімділігі мен сенімсіздігі мәселесін психология ғылымында әртүрлі қырынан зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері қазіргі цифрлық қоғам жағдайында ерекше мәнге ие болып отыр. Атап айтқанда, А. Бандура, Э. Эриксон, К. Роджерс, А. Маслоу, Л. Выготский, Л. Божович, А. Леонтьев, Д. Фельдштейн, И. Кон, сондай-ақ қазақстандық ғалымдар Қ. Жарықбаев пен С. Жақыпов еңбектерін цифрлық орта контекстінде қайта қарастыру өзекті болып табылады. Аталған ғалымдардың теориялық тұжырымдары біздің зерттеуіміздің негізін құрай отырып, әрі қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында жаңа мазмұнмен толықтырылды. Аталған әр ғалым жеткіншектердің бойындағы сенімділік және сенімсіздік мәселесіне қатысты маңызды тұжырымдар жасаған. Мәселен, А. Бандура «өзіндік тиімділік» ұғымы арқылы тұлғаның өз қабілетіне деген сенімін түсіндірсе, қазіргі цифрлық ортада бұл көрсеткіш әлеуметтік желілердегі кері байланыс, виртуалды жетістіктер мен онлайн өзара әрекеттесу арқылы қалыптасады. Ал, Э. Эриксон (1996) жеткіншектік кезеңді «тұлғалық бірегейлікке қарсы рөлдік орнығу» кезеңі ретінде қарастырып, бүгінгі күні бұл үдеріс виртуалды және шынайы «Мен» арасындағы қайшылықтармен күрделене түсетінін байқауға болады.

И. Кон (2009) еңбектерінде жеткіншектердің өзіндік санасы мен әлеуметтік бейімделуі маңызды орын алса, қазіргі цифрлық қоғамда бұл бейімделу тек шынайы ортада ғана емес, сонымен қатар онлайн

кеңістікте де жүзеге асады, ал бұл жағдай болса жеткіншектердің өзіндік бағалауына қосымша қысым тудырып, сенімсіздік деңгейінің артуына ықпал етуі мүмкін.

Қазақ психологиясының дамуына зор үлес қосқан Қ. Жарықбаев (2008) еңбектерінде тұлғаның ұлттық-психологиялық ерекшеліктері қарастырылса, қазіргі кезеңде бұл ерекшеліктер цифрлық мәдениет ықпалымен өзгеріске ұшырауда. Сонымен қатар, С. Жақыпов (1992) зерттеулеріндегі қарым-қатынас психологиясы мен тұлғаның өзін-өзі тану мәселелері бүгінгі таңда онлайн коммуникация жағдайында жаңа сипатқа ие болып отыр. Осылайша, классикалық психологиялық теориялар цифрлық қоғам жағдайында жеткіншектердің өз-өзіне сенімділігі мен сенімсіздігін түсіндіруде маңызды әдіснамалық негіз болып қала отырып, қазіргі ақпараттық орта ерекшеліктерімен тығыз байланыста қайта пайымдауды талап етеді.

Жоғарыда аталған ғалымдардың жеткіншек кезеңіне қатысты теориялары қазіргі цифрлық қоғам жағдайында жаңа мазмұнға ие болып, қайта пайымдауды қажет етуде. Ақпараттық кеңістіктің кеңеюі, әлеуметтік желілер мен цифрлық коммуникациялардың дамуы жеткіншектердің психологиялық дамуына тікелей ықпал етіп, классикалық теорияларды заманауи контексте қарастыруды талап етеді. Мәселен, Базарбаева Т.А (2019) еңбегінде, Г.С. Холл сипаттаған «дауыл мен күйзеліс» кезеңі бүгінгі күні цифрлық орта әсерінен күшейе түсуі мүмкін. Онлайн кеңістіктегі ақпарат ағыны, әлеуметтік қысым және виртуалды салыстырулар жеткіншектердің эмоциялық тұрақсыздығын арттыруда. Ж. Пиаже негіздеген логикалық ойлау қабілеті қазіргі таңда цифрлық ақпаратты сыни тұрғыдан талдау, фейк ақпаратты ажырату сияқты дағдылармен толықтырылады. З. Фрейд атап өткен психосексуалдық даму ерекшеліктері цифрлық ортада ерте ақпараттану және интернет арқылы түрлі мазмұнға қолжетімділікпен күрделене түсуде. Ал, Э. Эриксон енгізген тұлғалық сәйкестік мәселесі қазіргі уақытта виртуалды және шынайы «Мен» арасындағы қайшылықтармен ұштасып, жеткіншектің өзін-өзі тану үдерісін күрделендіре түсуде. Л. Колберг зерттеген моральдық даму кезеңдері де цифрлық ортада жаңаша сипатталуда, атап айтқанда онлайн этика, ол кибербуллингке қатынас, цифрлық жауапкершілік сияқты мәселелер жеткіншектердің адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Л. Выготский көрсеткен әлеуметтік ортаның рөлі бүгінде тек отбасы мен мектеппен шектелмей, виртуалды қауымдастықтарды да қамтитындығын атап өтер едік.

А. Леонтьевтің (2003) іс-әрекет теориясы бойынша, тұлға дамуы енді цифрлық әрекеттер арқылы да жүзеге асуда.

Л. Божович (2015) зерттеген мотивация мен қызығушылықтар қазіргі жеткіншектерде көбіне цифрлық ортаға бағытталғандығын аңғаруға болады.

Қазақ ғалымдары Қ. Жарықбаев пен С. Қалиев (1994) еңбектеріндегі ұлттық тәрбие мен тұлғалық даму мәселелері де цифрлық мәдениет ықпалымен жаңаша сипат алуда. Ұлттық құндылықтар мен заманауи цифрлық мәдениеттің өзара байланысы жеткіншектердің тұлғалық қалыптасуында маңызды факторға айналып отыр. Осылайша, жоғарыда аталған ғалымдардың теориялық тұжырымдары цифрлық қоғам жағдайында өзектілігін сақтай отырып, жаңа әлеуметтік-мәдени факторлармен толықтырылып, жеткіншектердің психологиялық дамуын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Ғалымдардың еңбектерін жүйелей келе, жеткіншектік кезеңде эмоционалдық әсерленгіштік, сезімталдық, импульсивтілік және өзіндік пікірдің қалыптасуы байқалатыны анықталды, қазіргі цифрлық қоғам жағдайында бұл ерекшеліктер жаңа мазмұнмен толықтырылып отыр, мәселен әлеуметтік желілердегі белсенділік, онлайн-коммуникациялар және виртуалды орта жеткіншектердің эмоциялық күйіне тікелей әсер етіп, олардың сезімталдығын күшейтуде.

Жеткіншек жастағы психикалық дамудың маңызды факторы – достарымен қарым-қатынас, қазіргі таңда бұл қарым-қатынас тек шынайы ортада ғана емес, сонымен қатар виртуалды кеңістікте де жүзеге асады. Онлайн достық, топтық чаттар, әлеуметтік желідегі қауымдастықтар жеткіншектердің әлеуметтік тәжірибесін кеңейтуде, бірақ кей жағдайда шынайы қарым-қатынастың орнын басып, тұлғааралық дағдылардың толық қалыптасуына кедергі келтіруде. Бұл ретте өз-өзіне деген сенімсіздік цифрлық қоғамда ерекше көрініс табуда, ол тек тұлғаның өз мүмкіндіктеріне күмәндануымен ғана емес, сонымен қатар виртуалды ортадағы үздіксіз салыстырулармен, идеалдандырылған бейнелермен және әлеуметтік қысыммен байланысты.

Жеткіншектер әлеуметтік желілерде өздерін басқалармен жиі салыстырып, нәтижесінде өзін төмен бағалау, мазасыздық және қорқыныш сезімдерін бастан кешіруде. Бұл құбылысты түсіндіруде бірқатар ға-

лымдардың теориялары цифрлық контексте өзекті болып отыр. Мәселен, В.С. Мухинаның (2023) еңбегінде А. Адлер енгізген «кемшілік сезімі» (inferiority complex) қазіргі кезде әлеуметтік желілердегі салыстырулар арқылы күшейе түсуде. А. Бандураның «өзіндік тиімділік» (self-efficacy) теориясы бойынша, онлайн ортадағы жетістіктер немесе сәтсіздіктер жеткіншектің өзіне деген сенімін тікелей қалыптастырады. К. Роджерс атап өткен «өзіндік тұжырымдама» (self-concept) қазіргі таңда виртуалды «Мен» бейнесімен қатар қалыптасып, кейде олардың арасында алшақтық пайда болуда. А. Маслоу көрсеткен «құрмет пен өзін-өзі бағалау қажеттілігі» цифрлық қоғамда лайк пен әлеуметтік мойындау арқылы көрініс табуда. Ал А. Бек пен А. Эллис зерттеген теріс ойлар мен иррационалды сенімдер кибербуллинг немесе виртуалды әлемдегі жағымсыз пікірлер әсерінен күшеюі мүмкін. М. Селигманның (2003) «үйренген дәрменсіздік» теориясы да өзекті, себебі цифрлық ортадағы қайталанатын сәтсіз тәжірибелер жеткіншектің белсенділігін төмендетуге ықпалын тигізуі әбден мүмкін.

Осылайша, цифрлық қоғам жағдайында жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігі классикалық психологиялық факторлармен қатар, жаңа әлеуметтік-мәдени және технологиялық ықпалдардың әсерінен қалыптасатын күрделі құбылыс деп айтар едік.

Өз-өзіне сенімсіздік жеткіншек кезеңде айқын байқалады, себебі бұл жаста тұлға әлі толық қалыптаспаған, ал сыртқы бағалауға тәуелділік жоғары деңгейде болады. Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында бұл тәуелділік одан әрі күшейе түсуде, өйткені жеткіншектердің өзін-өзі бағалауы тек тікелей әлеуметтік орта арқылы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік желілердегі реакциялар, пікірлер, лайк саны және онлайн бедел арқылы да қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда өз-өзіне сенімсіздік жеткіншек тұлғасының дамуына кері әсер ететін маңызды психологиялық факторлардың бірі ретінде қарастырылады.

Өз-өзіне деген сенімсіздікті тудыратын факторлар цифрлық орта әсерімен жаңа сипатқа ие болуда:

- тұқым қуалайтын бейімділік – тұлғаның психофизиологиялық ерекшеліктері балалық шақтағы даму қарқынына әсер етеді. Цифрлық ортада бұл ерекшеліктер кейде кибербуллинг немесе онлайн мазақ ету арқылы күшейіп, сенімсіздікті тереңдетуі мүмкін;

- тәрбиенің ерекшеліктері – ата-аналардың шамадан тыс бақылауы немесе керісінше, назардың жетіспеуі баланың цифрлық кеңістіктегі мінез-құлқына да әсер етеді. Мысалы, әлеуметтік желіні бақылау немесе шектеу сенімсіздікті күшейтуі мүмкін;

- мәдениет және сыртқы орта – қазіргі цифрлық мәдениет жеткіншектерден «идеал бейне» қалыптастыруды талап етеді (сырт келбет, табыс, белсенділік), бұл салыстырулар өзін төмен бағалауға әкеледі;

- өзінің «Менін» білмеу – виртуалды және шынайы «Мен» арасындағы айырмашылық күшейіп, жеткіншек өз болмысын нақты айқындай алмайды;

- сәтсіз тәжірибелер – онлайн ортадағы теріс пікірлер, қабылданбау немесе контенттің қолдау таппауы сенімділіктің төмендеуіне әсер етеді;

- бұқаралық ақпарат құралдарының әсері – әлеуметтік желілердегі негативті жаңалықтар, идеалдандырылған өмір үлгілері жеткіншектің өзін солармен салыстыруына итермелейді;

- «үздік оқушы синдромы» – цифрлық ортада да жетістік пен табыстың ашық көрсетілуі (жүлде, марапат, лайк) қысым тудырып, әрекетсіздікке әкелуі мүмкін.

Шешімсіздік пен сенімсіздіктің белгілері қазіргі цифрлық қоғамда да айқын көрінуде. Мәселен жеткіншектер өз пікірін білдіруден қорқып, онлайн кеңістікте де пассивтілік танытуы мүмкін. Сонымен қатар олар көбінесе өз контентін жариялауға, пікір жазуға немесе әлеуметтік белсенділікке қатысуға батылдық танытпайды, себебі теріс реакциядан қорқады.

Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі цифрлық ортада «FOMO» (бір нәрседен қалып қою қорқынышы), әлеуметтік салыстыру және виртуалды жетістікке тәуелділік сияқты құбылыстармен қатар жүреді. Жеткіншек үнемі басқа адамдардың «идеал өмірін» көріп, өз мүмкіндіктерін төмен бағалауы мүмкін ал ол ішкі мазасыздықты күшейтіп, жалған тыныштық пен әрекетсіздікке итермелейді. Осылайша, цифрлық қоғам өз-өзіне сенімсіздіктің тек дәстүрлі факторларын күшейтіп қана қоймай, оған жаңа психологиялық механизмдер қосады, бұл жағдай жеткіншектердің эмоциялық тұрақтылығына, шешім қабылдау қабілетіне және әлеуметтік белсенділігіне тікелей әсер етеді.

Т.П. Скрипкина (2007) жүргізген талдаулар негізінде психология ғылымның әртүрлі салаларында «сенім» қандай да бір құбылыстың болуының шарты ретінде жиі кездесетін үш тәуелсіз сенім түрін ажыратады, ол:

1. Әлемге деген сенім.
2. Басқаларға деген сенім.
3. Өзіне деген сенімділік.

Ғалым өз зерттеуінде аталмыш аспектілердің әрқайсысын жеке-жеке зерттеген. Мәселен, «әлемге деген сенім» субъективті құбылыс ретінде түсіндіріледі, оның мәні субъектінің әлемнің әртүрлі нысандарына немесе бөліктеріне деген өзіндік қатынасы, ол осы объектілердің немесе әлемде болып жатқан жағдайлардың адам үшін қазіргі маңыздылығын және қауіпсіздігін сезінуден тұрады» - дейді ғалым. Бұл ретте «Әлемге деген сенім» жеке тұлғаның негізгі көзқарасы ретінде қарастырылады.

Екінші, «басқаларға деген сенім» әлеуметтік-психологиялық мәселелер аясында зерттеліп «өзіне-өзі сенімділік» психотерапиялық және психо-түзету рәсімдерінің мәні ретінде қарастырылады.

Т.П. Скрипкина (2001) еңбегі бойынша қазіргі уақытта ең күрделі болып табылатын үшіншісі «өзіне деген сенімділік». Ғалым «өзіне деген сенімділікті» - адамның өзіне, әлемге қатысты белгілі бір құндылық позициясын және осы ұстанымға сүйене отырып, өзінің өмірлік стратегиясын құруға мүмкіндік беретін жеке тұлғаның рефлексивті, субъективті құбылысы ретінде анықтайды дейді.

Ғалымның пайымдауы бойынша «өзіне деген сенімділік» - әлемге сенімсіз мүмкін емес, әйтпесе интеграцияланған жүйе ретінде ғана өмір сүре алатын «адам мен әлемнің» бүкіл жүйесі бұзылатынын айтады. Кейбір жағдайларда, адам әлемге сенуге тырысуы мүмкін, содан кейін ол «сәйкестік», яғни бейімделу логикасында әрекет етеді. Басқа жағдайларда, бәрі басқаша болуы мүмкін - адам өзіне сенімді болуға тырысады, содан кейін ол ситуациялық жағдайды көрсете отырып, жағдайдың шеңберінен шыға алады. Осылайша, адамның әлемге деген сенімі және өзіне деген сенімі үнемі қозғалмалы тепе-теңдік күйінде болады, «әлемге деген сенім және өзіне-өзі сенімділік үйлесімді түрде үйлесуге ұмтылады».

Осы үш типті қалыптастырудың негізін Э. Эриксон (1996) еңбегінде сипатталған «негізгі сенім» құрайды. Баланың ең жақын қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау тәжірибесінен адамның онтогенетикалық дамуының алғашқы кезеңдерінде пайда болатын «негізгі сенім» адаммен өмір бойы дамып, өзгеріп отырады және адамның осындай қасиетін «сенімділік» анықтайды.

Көптеген қазіргі заманғы зерттеушілер жеке адамның, топтың, қоғамның санасы мен іс-әрекетін реттеуде «сенім» рөліне назар аударуда. Т.П. Скрипкина (1984) «сенім» - адамның дүниені бір жүйеге қосу қызметін атқаратынын, өткеннің, қазіргі мен болашақ өмірдің тұтас актісіне қосылуына ықпал ететінін айтады. Сенім - адамның тұтастығына, жеке басына, адамның әлеммен қарым-қатынасына әсер етеді – дейді ғалым. Сонымен қатар сенім - адам мінез-құлқының, қабылданған шешімдердің, мақсаттардың, міндеттердің дүниеге де, өзіне де сәйкес келу шамасын белгілейді деген пікірді айтады.

Сенім мен сенімсіздік функциялары, сондай-ақ олардың басқа сипаттамалары субъектінің өмірінің әртүрлі аспектілері – қарым-қатынастардың әртүрлі типтері мен аумағында, өмір кезеңдері мен жағдайлары үшін тән екендігіне байланысты.

Жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігінің қалыптасуына әсер ететін факторлар көпқырлы және өзара тығыз байланысты. Оларды шартты түрде тұлғалық және әлеуметтік факторларға бөлуге болады.

1.Тұлғалық факторларға жеткіншектің темперамент ерекшеліктері, эмоциялық тұрақсыздығы, өзін-өзі бағалау деңгейі жатады. Өзін-өзі бағалауы төмен жеткіншектер өздерін жеткіліксіз, әлсіз сезініп, өз мүмкіндіктеріне сенімсіздік танытады.

2.Әлеуметтік факторларға отбасы тәрбиесі, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, құрдастар ортасы және мектептегі әлеуметтік ахуалды жатқызуға болады. Ата-ананың шамадан тыс талап қоюы немесе керісінше немқұрайлылығы, жиі сын айтуы жеткіншектің өзіне деген сенімін төмендетуі мүмкін. Сонымен қатар, құрдастар тарапынан қабылданбау, мазақтау, әлеуметтік салыстырулар да өз-өзіне сенімсіздіктің дамуына ықпал етері анық.

Қазіргі цифрлық орта мен әлеуметтік желілер жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігін күшейтетін негізгі факторлардың бірі екендігі жоғарыда сөз еттік. Виртуалды кеңістікте ұсынылатын «мінсіз өмір», филтрленген бейнелер, жетістіктерді үздіксіз көрсету және лайк, пікір арқылы бағаланатын әлеуметтік

статус жеткіншектің өзін басқалармен тұрақты салыстыруына алып келеді. Мұндай салыстырулар шынайы өмір мен цифрлық бейне арасындағы алшақтықты күшейтіп, өзін төмен сезіну мен психологиялық қысымды арттырады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеудің мақсаты - цифрлық қоғам жағдайындағы жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігінің психологиялық ерекшеліктерін анықтау.

Эксперименттік зерттеу жұмысымыз барысында А.Н. Кошелеваның (2019) оқулығындағы әдістемелер қолданылды: «Жалпы өзін-өзі бағалауды зерттеу» Г.Н. Казанцеваның сауалнамасы, Г. Кожухарь бойынша «Білім беру ортасындағы тұлғааралық қатынастардың сапасы» сауалнамасы, А.М. Прихожанның «Өзіне деген сенімділікті бағалау» әдістемесі. Зерттеу нәтижелерін өңдеу барысында мәліметтер SPSS (Statistical Package for the Social Sciences) бағдарламасына сәйкес талданды.

Сенімсіздік цифрлық ортада ерте ме, кеш пе әлеуметтік желідегі мінез-құлық арқылы көрініс табады. Психологиялық қорғансыздық онлайн кеңістікте әсіресе айқын байқалады, себебі кез келген пікір, сын немесе мазақ ету кең аудиторияға тез таралып, жеткіншектің өзіндік бағалауына тікелей әсер етеді, сондықтан цифрлық ортадағы сенімсіздік тек ішкі күй ретінде емес, әлеуметтік желідегі әрекеттер арқылы да көрінеді. Атап айтқанда:

Өзін-өзі жарнамалау және цифрлық «имидж» қалыптастыру. Қазіргі жеткіншектер әлеуметтік желілерде өздерін белгілі бір деңгейде «жарнамалауға» тырысады, олар өз өмірін шынайы жағдайдан жоғары немесе идеалдандырылған түрде көрсетуге ұмтылады. Бұл құбылыс цифрлық «имидж менеджмент» ретінде сипатталады. Мұнда жеткіншектер өзінің әлеуметтік мәртебесін көрсету үшін арнайы фотолар, жетістіктер немесе белсенді өмір салтын жариялайды, алайда бұл үдеріс тұрақты қысымға айналып, ішкі сенімсіздікті күшейтуі мүмкін, себебі шынайы өмір мен виртуалды бейне сәйкес келмей қалады.

Лингвистикалық сенімсіздік және онлайн коммуникация. Цифрлық ортада лингвистикалық сенімсіздік ерекше байқалады. Жеткіншектер чаттарда, пікір жазуда немесе әлеуметтік желілерде өз ойын толық білдіруден қашқақтап, қысқа сөздер, смайликтер қолдануы мүмкін. Кей жағдайда олар «басқалар сияқты дұрыс жазу», «дұрыс ой айту» қысымын сезінеді, бұл әсіресе қоғамдық пікірге ашық платформаларда (ой-пікір жазу, сторис) айқын көрінеді. Яғни, тілдік мінез-құлық онлайн бағаланудан қорқу сезімімен тікелей байланысты.

Сөйлеу және өзін көрсету стилі (цифрлық ортадағы вербалды бейімделу). Әлеуметтік желілер мен бейне платформаларда жеткіншектер өз сөйлеу мәнерін өзгертеді, мәселен біреулер өздерін «ересек, сенімді» көрсетуге тырысса, басқалары керісінше, үндемей қалуды жөн көреді. Бұл цифрлық аудитория алдында өзін дұрыс көрсетуге тырысумен байланысты, нәтижесінде жеткіншектер табиғи мінез-құлқы мен онлайн бейнесі арасында айырмашылық қалыптастырады, бұл ішкі психологиялық қысымның күшеюіне әкеледі.

Осылайша, цифрлық ортадағы өзін-өзі жарнамалау, лингвистикалық ерекшеліктер және сөйлеу мәнері жеткіншектердің тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді, бұл факторлар оның өзін басқалармен үнемі салыстыруына, қателесуден қорқу сезіміне және әлеуметтік бағалауға тәуелді болуына әкеледі. Нәтижесінде өз-өзіне сенімсіз жеткіншектер цифрлық кеңістікте де, шынайы өмірде де тұйықтық, уайымшылдық, белсенділіктен қашу және шешім қабылдаудағы қиындықтар сияқты ерекшеліктерді көрсетеді. Олар өз пікірін ашық білдіруге қорқып, оқу және әлеуметтік белсенділікте тежелуге ұшырайды. Сондықтан цифрлық қоғам жағдайында жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігін тек жеке психологиялық мәселе ретінде емес, әлеуметтік желілер мен виртуалды орта ықпалымен қалыптасатын кешенді құбылыс ретінде қарастыру қажет. Оны дер кезінде анықтап, алдын алу және психологиялық қолдау көрсету – қазіргі білім беру мен психология ғылымының маңызды міндеттерінің бірі болуы керек дей келе бізде өз зерттеуімізді жүргізуді жөн көрдік.

Нәтижелер және Талқылау

Эксперименттік зерттеу жұмысымыз 7-8 сыныпта оқитын жеткіншектер арасында жүргізілді. Цифрлық қоғам жағдайындағы жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігінің психологиялық ерекшеліктерін

анықтау барысында ең алдымен олардың өзін-өзі бағалау деңгейін Г.Н. Казанцеваның сауалнамасы арқылы қарастырдық. Сауалнама бойынша өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау нәтижелері бойынша екі сыныпта да 7 сынып – 40%, ал 8 сыныпта – 30% өзін-өзі бағалаудың төмен деңгейі байқалды, бұл олардың өз мүмкіндіктерін жиі төмен бағалап, өз-өзіне сенімсіздік танытуымен сипатталуында. Қазіргі цифрлық қоғам контекстінде мұндай жағдай әлеуметтік желілердегі тұрақты салыстырулармен, «идеал» бейнелермен және онлайн жетістіктерді үздіксіз бақылаумен күшейе түседі. Жеткіншектер өз өмірін виртуалды кеңістіктегі табысты бейнелермен салыстырып, нәтижесінде өз қабілеттерін төмен бағалауға бейім болады. Өзін-өзі бағалаудың орташа деңгейі 7 сынып – 45%, ал 8 сыныпта – 50%, бұл топтағы жеткіншектер цифрлық ортада белсенді болғанымен, өз жетістіктеріне толық қанағаттанбайды және сыртқы бағалауға тәуелділік танытады. Әлеуметтік желілердегі «лайк», пікір және жазылушылар саны сияқты көрсеткіштер олардың өзін-өзі бағалауына тікелей әсер етіп, тұрақсыз эмоционалдық күйге әкелуі мүмкін деп ойлаймыз. Ал өзін-өзі бағалауы жоғары көрсеткішке ие болғандар арасында 7 сынып – 15%, ал 8 сыныпта – 20% екендігі анықталды, бұл жеткіншектер цифрлық ортадағы әлеуметтік салыстыруларға қарамастан, өз мүмкіндіктерін объективті бағалай алады және онлайн пікірлерге тәуелділігі төмен, дегенмен мұндай тұрақты өзіндік бағалау көбіне қолдаушы әлеуметтік орта мен цифрлық сауаттылық деңгейімен байланысты болып табылады.

Екі зерттеу тобындағы жеткіншектердің өзін-өзі бағалауы көбіне нәтижеге тәуелділікке, сыртқы бағалауға, әлеуметтік салыстыруға негізделгені анықталды. Қазіргі цифрлық орта жағдайында бұл ерекшеліктер одан әрі күшейе түседі, себебі әлеуметтік желілерде жетістіктер үздіксіз жарияланып, лайк, пікір және жазылушылар саны арқылы тұрақты «баға беру» жүйесі қалыптасқан, мұндай цифрлық бағалау механизмі жеткіншектің өзіндік құндылығын ішкі өлшемдерге емес, сыртқы реакцияларға тәуелді етеді. Соның нәтижесінде жеткіншектер өз жетістігін шынайы дамуымен емес, басқалармен салыстыру арқылы бағалауға бейім болады. Әлеуметтік желілердегі идеалдандырылған өмір үлгілері мен үздіксіз көрінетін «табысты бейнелер» оның өз мүмкіндіктеріне күмән келтіруін күшейтеді. Бұл жағдай өз-өзіне деген сенімсіздіктің қалыптасуына тікелей әсер ететін негізгі факторлардың біріне айналады, осылайша, цифрлық ортадағы сыртқы бағалауға тәуелділік пен әлеуметтік салыстыру жеткіншектердің өзін-өзі бағалау құрылымын тұрақсыздандырып, олардың психологиялық сенімділігін төмендетеді.

Цифрлық ортадағы бәсекелестік, үнемі көрінетін «табысты өмір сценарийлері», онлайн салыстырулар және виртуалды жетістік культі жеткіншектердің өз нәтижелерін төмен бағалауына ықпал етеді. Сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі жетістіктің бірден көрінуі жылдам танымал болу, лайк жинау олардың нақты өмірдегі баяу даму процесімен сәйкес келмей, ал ол ішкі қанағатсыздықты тудырады. Осылайша, екі зерттеу тобындағы жеткіншектердің өзін-өзі бағалауының орташа және төмен деңгейде болуы психологиялық факторлармен қатар, қазіргі цифрлық ортаның әлеуметтік-психологиялық ықпалына да тікелей байланысты деп қорытынды жасауға болады.

Екінші зерттеу әдісі ретінде біз Г. Кожухарьдың білім беру ортасындағы тұлғааралық қатынастардың сапасын бағалауды қолдандық. Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесіне сәйкес 8-сыныптағы жеткіншектердің көпшілігінде бірқатар шкалалар бойынша жағымды динамика байқалатындығы анықталды, атап айтқанда бұл жас ерекшелік дамуына, әлеуметтік тәжірибенің артуына және тұлғалық қалыптасудың тереңдеуіне байланысты болуы мүмкін.

Алынған нәтижелердің салыстырмалы көрсеткішін төмендегі Сурет 1-ден қарастыруға болады:



Сурет 1. Білім беру ортасындағы тұлғааралық қатынастардың сапасы» сауалнамасының нәтижесі (Г. Кожухарь)

Ескерту: деректер Г. Кожухарь сауалнамасы негізінде құрастырылған

Жоғарыда келтірілген Сурет 1-дің нәтижелеріне сәйкес екі зерттеу тобындағы жеткіншектердің көрсеткіштеріне талдау жасай отырып, олардың әлеуметтік-психологиялық дамуы қазіргі цифрлық орта факторларымен тығыз байланыста қалыптасатынын байқауға болады.

«Сенім» шкаласы бойынша 8-сыныпта сенімнің жоғары деңгейі 70%-ға, ал 7-сыныпта 65%-ға жетуі жеткіншектердің жас ерекшелігіне қарай өз мүмкіндіктерін бағалауының арта түскенін көрсетеді. Цифрлық ортада бұл сенім деңгейі көбіне онлайн әлеуметтік тәжірибемен, цифрлық жетістіктермен және виртуалды ортадағы кері байланыспен қалыптасады. Жеткіншек өзіне берілетін реакциялар арқылы өзіндік бағасын қайта құрады.

«Агрессивтілік» шкаласы бойынша 8-сыныпта 20%, 7-сыныпта 15% құраған, бұл цифрлық кеңістіктегі эмоционалдық қысыммен де байланысты болуы мүмкін. Әлеуметтік желілердегі теріс пікірлер, кибербуллинг немесе онлайн бәсекелестік эмоциялық тұрақсыздықты күшейтіп, өзін дәлелдеуге деген ұмтылысты арттырады.

«Ізгі ниет» шкаласының жоғары болуы 8-сыныпта 85%, 7-сыныпта 75% тең келген, бұл жеткіншектердің цифрлық ортада да әлеуметтік қолдау мен позитивті қарым-қатынас орнатуға бейімді екенін көрсетеді. Дегенмен, виртуалды ортадағы әртүрлі мәдени және әлеуметтік фоннан шыққан балалардың өзара әрекеттесуі кейде түсінбеушілік туғызуы әбден мүмкін.

«Жанжал» шкаласы бойынша орташа және жоғары деңгейдің сақталуы цифрлық коммуникацияның ерекшеліктерімен де түсіндіріледі. Онлайн ортада қақтығыстар тез туындап, эмоциялық реакциялар фильмдерге көрінуі мүмкін, бұл жеткіншектердің конфликтіні басқару дағдысының әлі толық қалыптаспағанын көрсетеді.

«Қабылдау» шкаласының жоғары болуы 8-сыныпта 70%, 7-сыныпта 60% құраған, бұл цифрлық ортадағы көпмәдениеттілікпен және әртүрлі әлеуметтік топтармен тұрақты байланыс орнату мүмкіндігімен байланысты. Бұл жеткіншектердің цифрлық кеңістікте әлеуметтік бейімделу қабілетінің артып келе жатқанын көрсетеді.

«Өшпенділік» шкаласындағы көрсеткіштер екі сыныпта да 20% құраған, бұл кей жағдайларда онлайн кеңістіктегі анонимділік әсерінен пайда болатын ішкі агрессиямен байланысты болуы мүмкін. Виртуалды ортада эмоцияны бақылау қиын болғандықтан, ішкі кернеу тез көрініс табады.

«Төзімділік» шкаласы бойынша жоғары көрсеткіштердің артуы 8-сыныпта 35%, 7-сыныпта 25% құраған, бұл цифрлық ортадағы ақпараттық жүктеме мен әлеуметтік қысымға бейімделу қабілетінің біртіндеп дамуын көрсетеді. Дегенмен, онлайн ортадағы жылдам реакция талаптары кейде шыдамсыздықты күшейтуі мүмкін.


«Манипуляциялық қатынас» шкаласының жоғарылауы 8-сыныпта 25%, 7-сыныпта 10% құраған, бұл цифрлық коммуникацияда мақсатқа жету үшін түрлі әлеуметтік стратегияларды қолданумен байланысты. Әлеуметтік желілердегі өзін көрсету, әсер ету және аудиторияны басқару дағдылары кейде манипулятивті мінез-құлықтың қалыптасуына ықпал етеді.

«Теріс қарым-қатынастар» деңгейінің төмен болуы 8-сыныпта 70% көрсетті, бұл цифрлық ортада да әлеуметтік бақылау мен ортақ нормалардың біртіндеп қалыптасуын байқатады, дегенмен, онлайн анонимділік кей жағдайда теріс қарым-қатынас көріністерін күшейтуі мүмкін.

«Оң қарым-қатынастар» көрсеткішінің жоғары болуы 8-сыныпта 60%, 7-сыныпта 40% құраған, бұл цифрлық қоғамдағы байланыстардың кеңеюі, достық желілердің артуы және әлеуметтік қолдау жүйесінің қалыптасуымен түсіндіріледі.

Жалпы алғанда, 8-сынып оқушылары 7-сыныппен салыстырғанда цифрлық ортада да біршама тұрақты, сенімді және әлеуметтік бейімделген тұлға ретінде көрінеді. Алайда агрессивтілік пен манипуляциялық қатынастың сақталуы цифрлық коммуникацияның ерекшеліктерімен, әсіресе әлеуметтік желілердегі бәсекелестік пен эмоциялық әсердің жоғары болуымен байланысты. Осылайша, зерттеу нәтижелері жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктері қазіргі цифрлық қоғам ықпалымен білім беру ортасындағы тұлғааралық қатынастардың сапасымен тығыз байланыста қалыптасатынын көрсетеді.

Эксперименттік зерттеу жұмысымыздың барысында біз жеткіншектердің өзіне деген сенімділікті бағалау мақсатында А.М. Прихожанның әдістемесін жүргіздік. Алынған зерттеу нәтижесін төмендегі сурет 2-ден қарастыруға болады:



Сурет 2. «Өзіне деген сенімділікті бағалау» (А.М. Прихожан) әдістемесінің нәтижесі

Ескерту: деректер А.М. Прихожан әдістемесі негізінде құрастырылған

Жоғарыда келтірілген сурет 1-дегі А.М. Прихожан әдістемесі бойынша 7 және 8-сынып оқушыларының өзіне деген сенімділік деңгейінде айырмашылықтар байқалады, атап айтқанда цифрлық қоғам жағдайында бұл айырмашылықтар тек жас ерекшелікпен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік желілер мен виртуалды ортаның ықпалымен де түсіндіріледі. Мәселен, жоғары көрсеткіш 7-сыныпта – 10%, ал 8-сыныпта – 20% құраған, бұл жеткіншектердің дербес шешім қабылдау қабілеті, жауапкершілігі және өз мүмкіндіктеріне сенімділігі цифрлық ортада алған тәжірибемен де нығая түсетінін көрсетеді. Яғни, онлайн кеңістікте белсенділік танытатын, өз пікірін білдіретін және кері байланыс ала алатын жеткіншектерде сенімділік деңгейі жоғарырақ қалыптасады.

Орташа деңгей бойынша 7-сыныпта – 45%, ал 8-сыныпта – 50% көрсеткіш анықталды, бұл топтағы оқушылар көбіне әлеуметтік желілердегі пікірлерге, лайктарға және сыртқы бағалауға тәуелділік танытады. Олар өз әрекеттерін жиі басқалармен салыстырып, цифрлық ортадағы реакцияға қарай өзін-өзі бағалауын өзгертіп отырады, сондықтан олардың сенімділігі тұрақсыз сипатта болуы мүмкін және қосымша психологиялық қолдауды қажет етеді деген ойдамыз.

Төмен деңгей бойынша 7-сыныпта – 45%, ал 8-сыныпта – 30% құраған. Төмен көрсеткішке ие болған жеткіншектер цифрлық кеңістікте өздерін жиі басқалармен салыстырып, идеалдандырылған онлайн бейнелер әсерінен өз мүмкіндіктерін төмен бағалайды. Әлеуметтік желілердегі «мінсіз өмір» үлгілері олардың өзін-өзі бағалауына кері әсер етіп, сенімсіздігін күшейтеді. Сонымен қатар, кибербуллинг, теріс пікірлер немесе онлайн қабылданбау тәжірибесі де бұл деңгейдің сақталуына ықпал етеді.

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, 8-сыныпта өзіне деген сенімділіктің жоғары деңгейінің артуы және төмен деңгейдің азаюы жеткіншектердің әлеуметтік тәжірибесінің кеңеюімен қатар, цифрлық ортада өзін көрсету дағдыларының дамуына байланысты, дегенмен, орташа деңгейдің басым болуы олардың әлі де болса сыртқы бағалауға тәуелді екенін көрсетеді.

Жалпы, алынған нәтижелер жеткіншектердің өз-өзіне сенімділігі тек жас ерекшелікпен емес, қазіргі цифрлық қоғам факторларымен де тығыз байланысты екенін дәлелдейді. Өзін-өзі бағалауы төмен жеткіншектер әлеуметтік желілердегі салыстыруларға көбірек ұшырап, өз қабілеттеріне күмәнмен қарайды, бұл олардың онлайн және офлайн ортадағы белсенділігіне тікелей әсер етеді. Сондай-ақ зерттеу барысында отбасындағы қолдаудың жеткіліксіздігі, ата-ананың шамадан тыс бақылауы және жиі сын айтуы цифрлық орта әсерімен қосылып, жеткіншектің психологиялық тұрақтылығын әлсірететіні көрсетеді. Құрдастар ортасындағы қабылданбау, әлеуметтік желілердегі салыстырулар және виртуалды беделге тәуелділік олардың өзіне деген сенімсіздігін күшейтетін негізгі факторлар болып табылады. Осылайша, цифрлық қоғам жеткіншектердің өзіндік бағалау жүйесіне жаңа психологиялық қысымдар енгізіп, сенімділік пен сенімсіздік деңгейінің қалыптасуына елеулі ықпал ететіндігін біз өз зерттеуімізде айқындай түстік.

Зерттеу нәтижелерін өңдеу барысында мәліметтер SPSS (Statistical Package for the Social Sciences) бағдарламасына сәйкес талданды. Талдау барысында сипаттамалық статистика, жиіліктерді бөлу, салыстырмалы талдау және тәуелсіз таңдауларға арналған t-критерий қолданылды.

Сипаттамалық статистика (Descriptive Statistics) деректеріне сәйкес зерттеуге 60 респондент қатысты (N=60), оның ішінде: 7-сынып – 30 оқушы

8-сынып – 30 оқушы. Бұл ретте екі топ арасындағы өзін-өзі бағалау көрсеткіштерінің орташа мәні анықталды, оны төмендегі Кесте 1-ден қарастыруға болады.

Кесте 1

Өзін-өзі бағалау көрсеткіштерінің орташа мәні

Көрсеткіш	7 сынып	8 сынып
Орташа мән (Mean)	1.75	1.90
Стандарттық ауытқу (Std. Deviation)	0.72	0.70

Кестедегі нәтижеге сәйкес 8-сыныпта орташа көрсеткіш 7 сыныптағыларға қарағанда біршама жоғары екендігін көрсетеді, бұл өзін-өзі бағалау деңгейінің артқанын көрсетеді.

Тәуелсіз таңдауларға арналған t-критерий (Independent Samples t-test) бойынша 7 және 8-сынып арасындағы айырмашылықтың статистикалық мәнділігін анықтау нәтижесіне сәйкес

H_0 (нөлдік гипотеза): Айырмашылық жоқ

H_1 (баламалы гипотеза): Айырмашылық бар

Нәтижелер:

$t = 2.12$

$p = 0.038$

$p < 0.05$ болғандықтан, айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді.

Тәуелсіз таңдауларға арналған t-критерий (Independent Samples t-test) нәтижесі бойынша 7 және 8-сынып оқушыларының өзін-өзі бағалау деңгейінде маңызды айырмашылық бар.

Корреляциялық талдау (Pearson Correlation) нәтижесіне сәйкес айнымалылар ретінде «Өзін-өзі бағалау», «Өзіне деген сенімділік» қарастырылды. Нәтижесінде:

$$r = 0.62$$

$$p < 0.01$$

Байланыс түрі: орташа оң корреляция екендігі анықталды. Бұл өзін-өзі бағалау артқан сайын сенімділік деңгейі де артады дегенді білдіреді.

SPSS нәтижелері көрсеткендей:

8-сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауы статистикалық тұрғыдан жоғары;

Өз-өзіне сенімділік деңгейі жас ұлғаюымен артады;

Өзін-өзі бағалау мен сенімділік арасында оң байланыс бар ($r=0.62$) екендігі дәлелденді.

Сонымен теориялық талдау мен зерттеу нәтижелерін сараптай келе, біз қазіргі цифрлық қоғам жағдайындағы жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігінің психологиялық ерекшеліктерін анықтадық, атап айтқанда:

Өзіндік сананың тұрақсыздығы. Жеткіншек кезеңде тұлға өз «Менін» қалыптастыру үстінде болады, цифрлық ортада бұл процесс әлеуметтік желілердегі өзін басқалармен үздіксіз салыстыру арқылы күрделенеді, виртуалды «идеал бейнелер» мен фильтрленген өмір үлгілері жеткіншектің өзін төмен бағалауына, жетістіктерін жоққа шығаруға және қателіктерге шамадан тыс мән беруіне әкеледі.

Сыртқы пікірге жоғары тәуелділік. Қазіргі таңда бұл тәуелділік лайк, пікір, қаралым сияқты цифрлық бағалау жүйесі арқылы күшеюде, құрдастарының онлайн реакциясы жеткіншектер үшін маңызды психологиялық факторға айналғанымен, ал еріс пікірлер әлеуметтік қорқынышты арттырады және белсенділікті төмендетеді.

Эмоциялық тұрақсыздық. Цифрлық ортадағы ақпараттың көптігі, кибербуллинг және онлайн қысым эмоциялық күйдің жиі ауысуына әсер етеді, бұл ретте жеткіншектерде мазасыздық, ішкі шиеленіс және өзін басқалармен салыстырудан туындайтын стресс жиі байқалады.

Жетістікке жетуге деген төмен мотивация. Әлеуметтік желілерде тек «дайын нәтижелердің» көрінуі жеткіншектерде «процесс емес», тек «нәтиже» маңызды деген қате түсінік қалыптастырады, бұл өз кезегінде әрекеттен қашу, сәтсіздіктен қорқу және тәуекелге бармау сияқты мінез-құлыққа әкеледі.

Қарым-қатынастағы қиындықтар. Онлайн коммуникацияның басым болуы шынайы қарым-қатынас дағдыларының әлсіреуіне ықпал етеді, сенімсіз жеткіншектер виртуалды ортада да өз ойын толық жеткізе алмайды немесе керісінше, анонимділік әсерінен агрессия көрсету мүмкіндігі артады.

Перфекционизм және өзін шамадан тыс сынау. Цифрлық кеңістіктегі үздіксіз салыстыру жеткіншектерді «мінсіз болуға» итермелейді, алайда шынайы нәтижелер мен идеал бейнелер арасындағы алшақтық ішкі қанағаттанбаушылық пен сенімсіздікті күшейтеді.

Жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігі – жас ерекшелік дамудың табиғи кезеңдерінің бірі болғанымен, цифрлық қоғам жағдайында ол күшейген және күрделенген құбылысқа айналып отыр. Әлеуметтік желілердегі салыстырулар, онлайн бағалау жүйесі және виртуалды қысым бұл үдерісті тереңдете түсуде, сондықтан жеткіншектердің өзіне деген сенімділігін арттыру үшін тек дәстүрлі психологиялық қолдау ғана емес, цифрлық сауаттылықты дамыту, әлеуметтік желілердегі әсерді дұрыс түсіндіру, онлайн және офлайн «Мен» бейнесін үйлестіру маңызды. Қолдау көрсететін психологиялық орта, ата-ана мен педагогтардың позитивті кері байланысы және жетістікке бағытталған тәжірибелер бұл процесте ерекше рөл атқарады. Осылайша, жеткіншек кезең – тұлғалық қалыптасу мен «Мен-тұжырымдаманың» дамуы жүретін маңызды кезең болса, қазіргі цифрлық қоғам бұл үдерісті бір мезгілде жеңілдетіп те, күрделендіріп те отырғандығын зерттеу нәтижелері дәлелдей түсті.

Қорытынды

Теориялық талдау нәтижесінде жеткіншектік кезең тұлғаның өзіндік санасы, өзін-өзі бағалауы және «Мен» тұжырымдамасы қарқынды қалыптасатын маңызды даму сатысы екені анықталды. Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында бұл үдеріс одан әрі күрделеніп, әлеуметтік желілер мен виртуалды коммуникациялардың ықпалымен күшейе түсуде. Жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігі онлайн кеңістіктегі үздіксіз

салыстырулар, идеалдандырылған өмір үлгілері және әлеуметтік бағалауға (лайк, пікір, қаралым) тәуелділік арқылы айқынырақ көрініс табатындығын зерттеу нәтижелері арқылы анықталды. Осы кезеңде пайда болатын өз-өзіне сенімсіздік жеткіншектердің эмоционалдық жай-күйіне, мінез-құлқына және әлеуметтік қарым-қатынастарына теріс әсер ететіні ғылыми еңбектер негізінде дәлелденді.

Эмпирикалық зерттеу нәтижелері жеткіншектер арасында өз-өзіне сенімсіздіктің әртүрлі деңгейде көрініс табатынын көрсетті. Цифрлық ортада бұл құбылыс өзін-өзі бағалаудың тұрақсыздығымен, әлеуметтік желілердегі кері пікірлерге сезімталдықпен және виртуалды беделге тәуелділікпен тікелей байланысты екені байқалды. Өзін-өзі бағалауы төмен жеткіншектерде онлайн салыстырулар жиірек кездесіп, өз қабілеттерін төмен бағалау тенденциясы айқын көрінді. Зерттеу нәтижелері жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігін төмендету үшін психологиялық ықпал етудің кешенді, жүйелі түрде жүргізілуі қажет екенін көрсетті. Бұл ретте цифрлық сауаттылықты дамыту, әлеуметтік желілердегі ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ онлайн және офлайн ортадағы «Мен» бейнесін үйлестіру ерекше маңызға ие. Жеткіншектердің өзін-өзі бағалауын арттыру, эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыру, әлеуметтік қолдауды күшейту және тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын дамыту бағытындағы жұмыстардың цифрлық орта ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуі маңызды. Зерттеудің тақырыбына сай теориялық талдау мен эксперименттік нәтижелер қазіргі цифрлық қоғамдағы жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігінің психологиялық ерекшеліктері ретінде: өзіндік сананың тұрақсыздығы, сыртқы пікірге жоғары тәуелділік (оның ішінде әлеуметтік желілер ықпалы), эмоциялық тұрақсыздық, жетістікке жетуге төмен мотивация, қарым-қатынастағы қиындықтар (цифрлық және шынайы ортада), перфекционизм және шамадан тыс өзін-өзі сынау сияқты факторларды анықтады.

Жалпы алғанда, зерттеу жұмысының нәтижелері жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігі мәселесін қазіргі цифрлық қоғам контекстінде тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, оны алдын алу мен түзетуге бағытталған практикалық психологиялық қызметті жетілдіруге негіз болады. Алынған тұжырымдар білім беру ұйымдарында педагог-психологтардың, әлеуметтік педагогтардың және сынып жетекшілерінің жұмысында цифрлық орта ерекшеліктерін ескере отырып тиімді қолдануға ұсынылады.

Қорытындылай келе, қазіргі цифрлық қоғам жағдайында жеткіншектердің өз-өзіне сенімсіздігі – күрделі және көпқырлы психологиялық мәселе. Ол дәстүрлі факторлармен қатар, жаңа цифрлық орта әсерінен де қалыптасады. Сондықтан бұл мәселені шешуде ата-аналар, педагогтар және психологтар бірлесіп жұмыс істеуі қажет. Жеткіншектерге эмоционалдық қолдау көрсету, сыни ойлау қабілетін дамыту және цифрлық сауаттылықты арттыру – олардың өз-өзіне деген сенімін қалыптастырудың маңызды шарттары болып табылады.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар өздерінің мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың қосқан үлесі

Ешенкулова Д.Б., Усипбекова А.С. – мақаланың түпнұсқалық алғашқы нұсқасын дайындау және шыққан нәтижелерге сипаттамалық талдау жүргізді.

Турсынбаев А.З. – мәтін жазу, шолу және редакциялау жұмысын жүзеге асырды.

Жауен А.Б. – зерттеу деректерін жинау және талдау жүргізді.

Унарбекова Н.Д. – зерттеудің аналитикалық бөлімін әзірледі.

Әдебиеттер тізімі

Әдебиеттер тізімі

Huang, C. (2024). Social media and self-esteem: A meta-analysis. *Adolescent Research Review*. <https://doi.org/10.1007/s40894-024-00245-z>

Kumar, A. R. (2023). The influence of social media on adolescent self-esteem: Challenges and opportunities. *Educational Administration: Theory and Practice*. <https://doi.org/10.53555/kuey.v29i1.9909>

- Valkenburg, P. M., Meier, A., & Beyens, I. (2025). Adolescents' social media posting, social support, and self-esteem. *Frontiers in Psychology*, 16, Article 1561581. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2025.1561581>
- Базарбаев Т.А. (2019). *Психология жас ерекшеліктері: Жеткіншектер*. Алматы: Көкжиек.
- Божович Л.И. (2015). *Проблемы формирования личности*. М.: Институт практической психологии.
- Жақыпов С.М. (1992). *Психология познавательной деятельности*. Алма-Ата.
- Жарықбаев Қ. (2008). *Жантану оқулығы: оқулық. 8-ші басылуы*. Алматы.
- Жарықбаев Қ., С.Қалиев. (1994). *Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы 1 т*, Алматы: Рауан.
- Кон И.С. (2009). *Психология ранней юности* М.: Просвещение.
- Кошелев А.Н., Хороших В.В. (2019) *Психодиагностика: учебник и практикум для вузов* (А.Н.Кошелева, ред.;). М.: Юрайт.
- Леонтьев А.Н. (2003). *Проблемы развития психики*. М.: Мысль
- Мухина В.С. (2023) *Возрастная психология*. М.: Академия.
- Нұрмаханов Ж.Т. (2018). *Жеткіншектің психологиялық дамуы*. Астана: Фолиант. -198 б.
- Селигман М. (2003). *Путь к процветанию. Новое понимание счастья и благополучия* (пер. с англ. Е.Межевич, С.Филина). М.: Манн, Иванов и Фербер
- Скрипкина Т.П. (2001). *Доверие к себе как условие развития личности*. М.: Вопросы психологии.
- Скрипкина Т.П. (2007). *Психология доверия* (теоретико-эмпирических анализ). - Ростов - на - Дону: Академия
- Скрипкина, Т. П. (1984). *Психологические особенности проявления доверия на основе интеграции внутренних ценностей на этапе ранней юности*. В Г. М. Андреева & Н. Н. Богомолова (ред.), *Проблемы формирования ценностных ориентаций и социальной активности личности* (с. 115–126). М.: МГПИ.
- Эриксон Э. (1996). *Идентичность: юность и кризис* (А. В. Толстых, ред.; пер. с англ.) - М.: Прогресс

Д.Б. Ешенкулова¹, А.С. Усипбекова², А.З. Турсынбаев³, А.Б. Жауен*⁴,
Н.Д. Унарбекова⁵

¹Университет Мирас, Шымкент, Казахстан

²Южно-Казахстанский педагогический университет им. О.Жанибекова, Шымкент, Казахстан

³Южно-Казахстанский университета им.М.Ауезова, Шымкент, Казахстан

⁴Кокшетауский университет им.А.Мырзахметова, Кокшетау, Казахстан

⁵Евразийский гуманитарный институт им. А.Кусаинова, Астана, Казахстан

Психологические особенности неуверенности в себе у подростков в условиях современного цифрового общества

Аннотация. Социально-экономические изменения в современном обществе, расширение информационного пространства и стремительное развитие цифровых технологий оказывают значительное влияние на психологическое развитие личности подростка и формирование уверенности в себе. Особенно социальные сети, онлайн-коммуникации и формы виртуального взаимодействия выводят процесс формирования образа «Я» у подростков на новый уровень, одновременно делая его более сложным. Подростковый возраст является сложным этапом развития, в котором формируется самосознание личности и активно происходит усвоение социальных ролей и ценностей. В этот период уровень уверенности в себе является одним из ключевых факторов, определяющих психологическое благополучие, личностное развитие и социальную адаптацию подростка. Однако идеализированные образы и постоянные социальные сравнения в цифровой среде могут негативно влиять на формирование этой уверенности.

Целью статьи является рассмотрение психологических особенностей неуверенности в себе у подростков в условиях современного цифрового общества. В экспериментальном исследовании приняли участие учащиеся 7–8 классов. В ходе исследования использовались следующие методики: опросник Г. Н.

Казанцевой «Исследование общей самооценки», методика Г. Кожухаря «Качество межличностных отношений в образовательной среде» и опросник А. М. Прихожан «Оценка уверенности в себе». Полученные результаты были обработаны и проанализированы с помощью статистической программы SPSS. Результаты экспериментального исследования показали, что самооценка подростков и их межличностные отношения напрямую влияют на уровень уверенности в себе.

В качестве теоретической основы были рассмотрены работы зарубежных учёных Г. С. Холла, Ж. Пиаже, Л. Колберга, Э. Фрейда, Э. Эриксона, а также исследования советских психологов Л. Выготского, Д. Эльконина, А. Леонтьева, Л. Божович. Кроме того, были проанализированы труды казахстанских учёных Қ. Жарыкбаева и С. Калиева, а также современные исследования А. Kumar, Р. М. Valkenburg, А. Meier, I. Beyens и С. Huang.

Ключевые слова: цифровое общество, общество, подросток, неуверенность, неуверенность в себе, уверенность, оценка.

D.Yeshenkulova¹, A. Ussipbekova², A. Tursynbayev³, A.Zhauyen⁴, N.Unarbekova⁵

¹Miras University, Shymkent, Kazakhstan

²South Kazakhstan Pedagogical University named after O. Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan

³South Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan

⁴Kokshetau University named after A. Myrzakhmetov, Kokshetau, Kazakhstan

⁵Eurasian Humanities Institute named after A. Kussayinov, Astana, Kazakhstan

Psychological Features of Adolescents' Self-Doubt in the Context of the Modern Digital Society

Abstract. Socio-economic changes in modern society, the expansion of the information space, and the rapid development of digital technologies have a significant impact on adolescents' psychological development and the formation of self-confidence. In particular, social media, online communication, and forms of virtual interaction have elevated the process of forming adolescents' self-concept ("I-image") to a new level while simultaneously making it more complex. Adolescence is a critical developmental stage in which self-awareness is formed and the acquisition of social roles and values occurs intensively. During this period, the level of self-confidence is one of the key factors determining psychological well-being, personal development, and social adaptation of adolescents. However, idealized images and constant social comparisons in the digital environment may negatively affect the formation of this confidence.

The aim of the article is to examine the psychological features of adolescents' self-doubt in the context of the modern digital society. The experimental study involved 7th–8th grade school students. The following methods were used in the research: G. N. Kazantseva's questionnaire "Study of General Self-Esteem," G. Kozhukhar's methodology "Quality of Interpersonal Relationships in the Educational Environment," and A.M. Prikhozhan's questionnaire "Assessment of Self-Confidence." The obtained results were processed and analyzed using the SPSS statistical software. The findings of the experimental study showed that adolescents' self-esteem and interpersonal relationships have a direct influence on their level of self-confidence.

The theoretical framework of the study includes the works of foreign scholars G. S. Hall, J. Piaget, L. Kohlberg, S. Freud, and E. Erikson, as well as Soviet psychologists L. Vygotsky, D. Elkonin, A. Leontiev, and L. Bozhovich. In addition, the works of Kazakh scholars K. Zharikbayev and S. Kaliyev, as well as modern researchers A. Kumar, P. M. Valkenburg, A. Meier, I. Beyens, and C. Huang, were analyzed.

Keywords: digital society, society, adolescent, insecurity, self-doubt, self-confidence, evaluation.

References

Bazarbayev, T. A. (2019). *Psikhologiya zhas erekshelikteri: Zhetkinshekter [Developmental psychology: Adolescents]*. Almaty: Kókhzhiek. - [in Kazakh].

- Bozhovich, L. I. (2015). *Problemy formirovaniya lichnosti [Problems of personality formation]*. Moscow: Institute of Practical Psychology. - [in Russian].
- Erikson, E. (1996). *Identichnost': yunost' i krizis [Identity: Youth and Crisis]*. Moscow: Progress. - [in Russian].
- Huang, C. (2024). Social media and self-esteem: A meta-analysis. *Adolescent Research Review*. <https://doi.org/10.1007/s40894-024-00245-z> - [in English].
- Kon, I. S. (2009). *Psikhologiya rannei yunosti [Psychology of early youth]*. Moscow: Prosveshchenie. [in Russian].
- Koshelev, A. N., & Khoroshikh, V. V. (2019). *Psikhodiagnostika: uchebnik i praktikum dlya vuzov [Psychodiagnosics: textbook and practical guide for universities]*. Moscow: Yurait. - [in Russian].
- Kumar, A. R. (2023). The influence of social media on adolescent self-esteem: Challenges and opportunities. *Educational Administration: Theory and Practice*. <https://doi.org/10.53555/kuey.v29i1.9909> - [in English].
- Leontiev, A. N. (2003). *Problemy razvitiya psikhiki [Problems of mental development]*. Moscow: Mysl' [in Russian].
- Mukhina, V. S. (2023). *Vozrastnaya psikhologiya [Developmental psychology]*. Moscow: Akademiya. - [in Russian].
- Nurmakhanov, Zh. T. (2018). *Zhetkinshektin psikholohiyalyk damuy [Adolescent psychological development]*. Astana: Foliant. - [in Kazakh].
- Seligman, M. (2003). *Put' k protsvetaniyu: Novoe ponimanie schast'ya i blagopoluchiya [Flourish: A new understanding of happiness and well-being]*. (per. s angl. E.Mezhevich, S.Filina). M.: Mann, Ivanov i Ferber - [in Russian].
- Skripkina, T. P. (2001). *Doverie k sebe kak uslovie razvitiya lichnosti [Self-trust as a condition of personality development]*. M.: Voprosy psikhologii - [in Russian].
- Skripkina, T. P. (2007). Psikhologicheskie osobennosti proyavleniya doveriya na osnove integratsii vnutrennikh tsennostei na etape rannei yunosti [Psychological features of trust manifestation based on the integration of internal values in early youth]. In *Problemy formirovaniya tsennostnykh orientatsii i sotsial'noi aktivnosti lichnosti*. M.: MGPI. - [in Russian].
- Skripkina, T. P. (2007). *Psikhologiya doveriya (teoretiko-empiricheskii analiz) [Psychology of trust (theoretical and empirical analysis)]*. Rostov-on-Don. Akademiya. - [in Russian].
- Valkenburg, P. M., Meier, A., & Beyens, I. (2025). Adolescents' social media posting, social support, and self-esteem. *Frontiers in Psychology*, 16, Article 1561581. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2025.1561581> - [in English].
- Zhakypov, S. M. (1992). *Psikhologiya poznavatel'noi deyatel'nosti [Psychology of cognitive activity]*. Alma-Ata. - [in Russian].
- Zhariqbaev, Q. (2008). *Jantanu okulygy [Psychology textbook]*. 8th ed. Almaty. - [in Kazakh].
- Zhariqbaev, Q., & Kaliyev, S. (1994). *Qazaqtyñ tálimdik oi-pikir antologiyasy [Anthology of Kazakh educational thought]*. Vol. 1. Almaty: Rauan. - [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Ешенкулова Д.Б. - «Мирас» университетінің қауымдастырылған профессоры, PhD, Сапақ Датқа көшесі, 2, 160009, Шымкент, Қазақстан. E-mail: eshenkulova.d@miras.edu.kz

Усипбекова А.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Психология» кафедрасының оқытушысы, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, А. Байтұрсынов көш., 13, 160000, Шымкент, Қазақстан. E-mail: st.aru2005@mail.ru

Турсынбаев А.З. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Тәуке хан даңғ., 5, 160000, Шымкент, Қазақстан. E-mail: abay_41@mail.ru

Жауен А.Б. – хат-хабар авторы, магистр, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің оқытушысы, М. Әуезов көш., 189а, 020000, Көкшетау, Қазақстан. E-mail: azhauyenova21@mail.ru

Унарбекова Н.Д. – психология ғылымдарының кандидаты, доцент, А. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, М. Жұмабаев көш., 4, 010009, Астана, Қазақстан. E-mail: n47961946@gmail.com

Сведения об авторах:

Ешенкулова Д.Б. - PhD, ассоциированный профессор университета «Мирас», ул. Сапақ Датка, 2, 160009, Шымкент, Казахстан. E-mail: eshenkulova.d@miras.edu.kz

Усипбекова А.С. – преподаватель кафедры психологии Южно-Казахстанского педагогического университета имени О. Жанибекова, ул.А.Байтурсынова, 13, 160000, Шымкент, Казахстан. E-mail: st.aru2005@mail.ru

Турсынбаев А.З. - доцент, кандидат педагогических наук, Южно-Казахстанский университет им.М.А.уезова, пр.Тауке хана, 5, 160000, Шымкент, Казахстан. E-mail: abay_41@mail.ru

Жауен А.Б. - автор для корреспонденции, преподаватель Кокшетауского университета имени Абая Мырзахметова, магистр, ул.Ауезова, 189а, 020000, Кокшетау, Казахстан. E-mail: azhauyenova21@mail.ru

Унарбекова Н.Д. - доцент, кандидат психологических наук, Евразийский гуманитарный институт им. А. Кусаинова, ул. М. Жумабаева, 4, 010009, Астана, Казахстан. E-mail: n47961946@gmail.com

Information about the authors:


Yesenkulova D.B - PhD, Associate Professor at Miras University, str. Sapak Datka, 2, 160009, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: eshenkulova.d@miras.edu.kz

Ussipbekova A. – teacher of the department of Psychology, South Kazakhstan Pedagogical University O. Zhanibekov, str. A. Baitursynov 13, 160000, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: st.aru2005@mail.ru

Tursynbayev A.Z. – Associate Professor, Auezov South Kazakhstan University, Candidate of Pedagogical Sciences, 5k, Tauke Khan Ave. 160000, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: abay_41@mail.ru

Zhauyen A.B. – corresponding author, Lecturer, Kokshetau University named after Abay Myrzakhmetov, Master's degree holder, 189a Auezov Street, 020000, Kokshetau, Kazakhstan. E-mail: azhauyenova21@mail.ru

Unarbekova N.D. – Associate Professor, Candidate of Psychological Sciences, A. Kusainov Eurasian Humanitarian Institute, M. Zhumabayev Street 4, 010009, Astana, Kazakhstan. E-mail: n47961946@gmail.com



ГЭМБЛИНГКЕ ТӘУЕЛДІ ЖЕТІМ СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

**Е.Е. Касымов¹ , Б.М. Жапарова^{*2} , Д.Ж. Шнайдер³ ,
Ф.Д. Шнайдер⁴ , А.К. Койсоймасова⁵**

^{1,3}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан

⁴Гамбург технологиялық университеті, Гамбург, Германия

⁵Жас ұрпақ жастар үйі, Павлодар, Қазақстан

E-mail: ¹erbota@mail.ru, ^{*2}baglan@mail.ru, ³djakk@mail.ru,
⁴fatima@mail.ru, ⁵koisoimasova@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада гэмблингке шамадан тыс әуестенетін тұлғаларда ойынға тәуелділіктің даму мәселесі негізделген. Гэмблингке шамадан тыс тартылу мұндай тұлғаның санасының деструктивті дамуына әкеледі. Қазіргі психологиялық зерттеулерде құмар ойындар мәселесіне ерекше мән беріледі, себебі құмар ойындардың адам психикасына, санасына және тұлғасына теріс әсері кеңінен мойындалған.

Мақалада гэмблингке тәуелді жетім студенттердің тұлғалық психологиялық ерекшеліктері зерттеледі. Жетім студенттер әлеуметтік және психологиялық мәселелердің болуына, сондай-ақ жеткілікті әлеуметтік тәжірибенің жоқтығына байланысты әлеуметтік теріс әсерлерге ең осал категориялардың бірі болып табылады.

Зерттеу мақсаты – гэмблингке тәуелді жетім студенттердің тұлғалық психологиялық ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ ойынға тәуелділіктің алдын алу, психологиялық түзету және оны жеңу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы – жұмыста гэмблингке тәуелді жетім студенттердің тұлғалық психологиялық ерекшеліктері анықталып, сипатталды. Жетім студенттерде ойынға тәуелділіктің пайда болуы мен дамуының мінез-құлықтық және әлеуметтік негіздері ашып көрсетілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы – алынған нәтижелер негізінде ойынға тәуелділікке бейім жетім студенттермен профилактикалық жұмыс жүргізуге арналған практикалық ұсыныстар әзірленді.

Зерттеудің жаңашылдығы – жастардың құмар ойындарға тартылу феноменологиясына психологиялық талдау жүргізіліп, бұл үдерістің әртүрлі ойынға тәуелділік формалары мен күйлерінің қалыптасуына әсері қарастырылды.

Түсті: 07.04.2026; Жөнделді: 25.05.2026; Мақұлданды: 04.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

*Хат-хабар авторы

Зерттеу әдістері: «Тәуелділік тесті» (М. Мурто, И. Нимел); өзін-өзі актуализациялау сауалнамасы (А. Маслоу); бейімделген мінездемелік сауалнама (К. Леонгард – Г. Шмишек); жағдаяттық және тұлғалық мазасыздық шкаласы (Ч. Д. Спилбергер – Ю. Л. Ханин).

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: - эксперименттік жолмен гэмблингке бейім жетім студенттердің әлеуметтік детерминанттары мен психологиялық ерекшеліктері анықталып, сипатталды; - жетім студенттердің ойынға бағыттылығының объективті және субъективті детерминанттар арақатынасы арқылы өзара байланысы ашылды; - ойынға тәуелді және тәуелді емес тұлғаларға тән темперамент типтері жағдаяттық және тұлғалық мазасыздық көріністерімен байланыста анықталды.

Зерттеу нәтижелері білім беру мекемелерінде және балалар үйлерінде жетім балаларды әлеуметтендіру үдерісінде практикалық қолдануға ұсынылады.

Түйін сөздер: психологиялық ерекшеліктер, жетім студенттер, тәуелділік, гэмблинг, ойын, тұлға, әлеуметтік бейімделу.

Кіріспе

Адам психикасы мен санасының, оның тұлғасының реттеуші механизмдерінің гэмблингке тәуелділігін зерттеу мәселесі бүгінгі күнге дейін жалпы психологиялық талдау деңгейінде жеткілікті түрде дамымаған, психологиялық ықпал ету, әлеуметтік психология және тұлға психологиясының арнайы бөлімдерінің жекелеген мәселесі ретінде қалып отыр. Сонымен қатар, қазіргі заманғы әлеуметтену жағдайында, әртүрлі ақпараттық технологияларға, оның ішінде ойындық бағыттағы технологияларға қанық ортада жетім студенттердің сана жүйесінің, құқықтық санасының және құқықтық мінез-құлқының детерминация ерекшеліктерін зерттеу психология ғылымының әртүрлі салалары үшін ерекше қызығушылық тудырады. Ұсынылып отырған зерттеудің негізінде жатқан басты мәселелердің бірі – адамның ойынның субъектісі және объектісі ретіндегі санасының өзара байланысы мәселесі. Өйткені адам субъект ретінде ойын әрекетін жүзеге асырса, ал ойынның объектісіне айналған кезде оған тәуелді болып қалады – енді өзгерісті адамның өзі емес, ойын жүзеге асырады. Бұл өзгерістер ойын барысында ұсынылған виртуалды формалар мен сюжеттер арқылы мінез-құлық пен әрекетке ықпал етіп, кейіннен ойынға тәуелділік салдарынан туындайтын нақты деструктивті әрекеттер мен қылықтарға алып келеді. Сонымен қатар, адамның тұлғалық сипаттамалары мен даралық ерекшеліктері де ойынға тәуелділіктің пайда болуы мен дамуына ықпал етуі немесе керісінше, оған кедергі келтіруі мүмкін.

Зерттеліп отырған мәселенің өзектілігі көптеген аспектілермен сипатталады. Біріншіден, бұл гэмблингтің әсерінен адамның сана-сезімі мен өзіндік санасының өзгеруін зерттеу саласындағы психологиялық білімді кеңейту мүмкіндігімен байланысты. Екіншіден, адамдардың ойын әрекетіне тартылу ерекшеліктерін түсіндіруге бағытталған психологиялық зерттеулердің ұғымдық және тұжырымдамалық негізін нақтылау мен кеңейту мүмкіндігі туындайды. Негізінде, «гэмблинг» ұғымы ағылшынның gambling сөзінен шыққан, ол to gamble – құмар ойын ойнау етістігінен тарайды, ал оның өзі gaming – ұтыс үшін ойын ұғымының бұрмаланған түрі болып табылады. Гэмблингке тартылу адам үшін қауіпті болып, оның психикалық денсаулығына елеулі қатер төндіруі мүмкін.

Зерттеудің мақсаты – гэмблингке тәуелді жетім студенттердің тұлғалық психологиялық ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ ойынға тәуелділіктің алдын алу, психологиялық түзету және оны жеңу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу нысаны – ставкаларға негізделген құмар ойындарға тартылатын, кейіннен оларға субъективті тәуелділігі қалыптасатын жетім студенттер. Бұл тәуелділік аддиктивті тенденциялар мен мінез-құлық үлгілерінде көрініс тауып, сана мен өзіндік сананың, тұлға мен даралықтың деструктивті өзгерістеріне әсер етеді.

Зерттеу пәні – жетім студенттерде ойынға тәуелділіктің пайда болуы мен дамуының психологиялық ерекшеліктері, олардың ойын сюжетіне тартылуының психологиялық механизмдері, жастар үшін карта арқылы ойналатын құмар ойындардың тартымдылығының әлеуметтік-психологиялық факторлары, сондай-ақ құмар ойындарға тәуелділіктің сапалық және сандық параметрлерін сипаттайтын психодиагностикалық айнымалылар. Бұл тәуелділік әртүрлі аддиктивті мінез-құлық формаларында көрініс тауып, жетім студенттердің тұлғасы мен даралығында деструктивті өзгерістер туындатады. Олар үшін карта арқылы ойналатын құмар ойын шынайы әрекет пен психоәлеуметтік дамудың орнын басқан.

Зерттеу гипотезасы: құмар ойындарға тәуелді жетім студенттердің тұлғалық ерекшеліктері, әсіресе тәуелділігі гэмблинг түріндегі аурулық әуестікке айналған жағдайда, мінез-құлықтың әртүрлі аддиктивті көріністерінен, қарым-қатынас бұзылыстарынан, өзіне және өзгелерге деген қатынастың өзгеруінен анықталуы мүмкін. Бұл ерекшеліктер оларды психологиялық тұрғыдан сау сыналусылардың тұлғалық қасиеттерінен елеулі түрде ажыратады.

Зерттеу міндеттері: 1) гэмблингке ықтимал тәуелді жетім студенттерді анықтау; 2) гэмблингке тәуелді тұлғаның өзін-өзі актуализациялау деңгейлеріндегі айырмашылықтарды көрсету; 3) құмар ойындарға тәуелді ойыншылардың мінездік ерекшеліктерін анықтау; 4) гэмблингке тәуелді тұлғаның мазасыздық деңгейін анықтау.

Зерттеудің әдіснамалық негізі – адамды ойын әрекетінің субъектісі, ал оның тұлғасын ойынға тәуелділіктің объектісі ретінде қарастыратын жүйелік-құрылымдық және іс-әрекеттік тәсілдер.

Зерттеу әдістері: «Тәуелділік тесті» (М. Мурто, И. Нимел); өзін-өзі актуализациялау сауалнамасы (А. Маслоу); бейімделген мінездемелік сауалнама (К. Леонгард – Г. Шмишек); жағдаяттық және тұлғалық мазасыздық шкаласы (Ч. Д. Спилбергер – Ю. Л. Ханин).

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы: жұмыста гэмблингке тәуелді жетім студенттердің тұлғалық психологиялық ерекшеліктері анықталып, сипатталған. Жетім студенттердің құмар ойындарға психологиялық тәуелділігінің пайда болуы мен дамуының мінез-құлықтық және әлеуметтік шарттылығының мазмұны ашып көрсетілген.

Әдебиеттерге шолу

Гэмблинг – құмар ойындарға деген патологиялық әуестік. Үлкен ұтысқа ие болудың елес мүмкіндігі бар кез келген ойын түрі – рулетка, тотализатор, ойын автоматтары немесе лотерея болсын – гэмблингтің қалыптасуына бастау болуы мүмкін. Кейде тұрақты тәуелділіктің пайда болуы үшін бірнеше сағат қатарынан ойнаудың өзі жеткілікті (Bagmakı, 2024). Құмар ойындарға тәуелділік бірнеше факторлармен анықталады: ойынға шамадан тыс тартылу деңгейі және одан бас тарта алмау, ойынға деген құмарлықпен өз бетінше күресе алмау, өзінің әуестігін дұрыс бағаламау, оны жасыруға ұмтылу, өтірік айту және шығындарды жасыру, соның салдарынан әлеуметтік, психикалық немесе соматикалық бейімделудің бұзылуы орын алады (Esparza-Reig, et al., 2022). Мұндай тәуелділіктің себебі артық ақшаның болуында емес, тұлғаның ерекшеліктерінде, соның ішінде жетім студенттің тұлғалық қасиеттерінде, тәрбиесінде, қоршаған ортасында, стресстен қашудың және мәселелерден жалтарудың қалыптасқан тиімсіз тәсілдерінде жатыр. Аталған тәуелділіктің негізгі себебі – эмоционалдық бос кеңістік пен өмірдің мәнсіздігі, ал құмар ойындар мұндай жағдайдан қорғамайды, тек сананы уақытша басқаға бұрады. Бұл жерде ойыншының мінез-құлқы эмоционалдық мәселелерді шешу тәсілі ретінде қарастырылып, гэмблингтің бірнеше кезеңдері бөлінеді: ұтыс, жеңіліс, азарт, ойсыздық және үмітсіздік (Nelson, 2025; Gorzelańczyk et al., 2021).

Жетім студенттер үшін әлеуметтік қауіп факторлары балалар үйіндегі тиімсіз әлеуметтенумен, топтастары мен таныстарының ойындарға қатысуымен, интернаттағы балалық шақтан қалыптасқан ойынға ұмтылыспен, масылдық ұстаныммен, затқұмарлықпен, материалдық құндылықтардың маңызын асыра бағалаумен, жалған қаржылық мүмкіндіктерге шамадан тыс назар аударумен, ауқаттырақ топтастары мен таныстарына қызғанышпен қараумен, барлық мәселелерді құмар ойын арқылы шешуге болады деген сеніммен байланысты. Құмар ойындардың жағдайлық қолжетімділігі де әлеуметтік бейімдеуші фактор ретінде бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде көрсетілген (Nikolaeva et al., 2023; Qamar et al., 2022; Fatima et al., 2024; Matyash et al., 2015; Aitbayev & Pak, 2025; Erkinbekova, 2023).

Адам психикасы мен санасының, оның тұлғасының реттеуші механизмдерінің құмар ойындарға тәуелділігі мәселесін зерттеу бүгінгі күнге дейін жалпы психологиялық талдау деңгейінде жеткілікті дәрежеде дамымаған, ол психологиялық ықпал ету, әлеуметтік және криминалдық психология, сондай-ақ тұлға психологиясының арнайы бөлімдерінің жекелеген мәселесі ретінде қалып отыр. Ал ойын мәселесінің өзі психологиялық шындық ретінде категориялық жүйе контекстінде қарастырылған (Barmaki, 2024; Latvala et al., 2025; McGrane et al., 2025), мұнда мінез-құлық категориясы үйрену мен бейімделу міндеттерін шешудің шарты ретінде көрінеді. Нәтижесінде ойын барысында сыналған табысты әрекеттер нақты мінез-құлықта виртуалды ұқсастық бейнесінің категориясы ретінде жүзеге асырылады, мұнда шынайы ұқсастықтан айырмашылығы кез келген трансформациялар мүмкін және рұқсат етілген болады. Ал мотив категориясы виртуалды жетістікке жету қажеттілігіне айналады. Тұлға категориялары өзін-өзі жүзеге асыру мен өзін-өзі актуализациялау қажеттіліктерін қанағаттандыру ретінде қарастырылса, психоәлеуметтік қатынас категориясы шынайы қарым-қатынас тапшылығын, субъективті мадақтауды және тұлғааралық қатынастарды толықтырудың шарты ретінде қарастырылады. Floyd et al., 2025 пікірінше, адам құмар ойын ойнау барысында тек шынайы емес, сонымен қатар қиялдағы ойын әрекетін де бағалайды. Мұндай жағдайда оның санасы барынша белсенділеніп, кейіннен ойынға тәуелділік жағдайының қалыптасуына ықпал етуі мүмкін. Ойынның өзі мен оның тартымды жақтары сыртқы әсерлер болып табылса, қалыптасқан ойынға тәуелділік – ішкі шарт ретінде көрінеді (Satow et al., 2025). Ойынға тәуелділікке тартылу деңгейі артқан сайын тұлғаның барлық деңгейлерінде сапалық өзгерістер орын алуы мүмкін. Мәселен, іс-әрекет деңгейінде шынайы мотивтердің орнын ойынның иллюзорлық мотивтері басуы мүмкін. Сана деңгейінде виртуализация салдарынан жалған құндылықтар шынайы құндылықтардың орнын алмастыруы ықтимал. Ал тұлға деңгейінде невротикалық сипаттағы құрылымдық және функционалдық өзгерістер туындауы мүмкін (Cholewick et al., 2025); Sufwan et al., 2024; Toporetska et al., 2024; Кош, et al., 2023; Prakash et al., 2024 пікірінше, ойын ерекше психологиялық шындық ретінде, сондай-ақ студенттер арасындағы уақытты құрылымдаудың ерекше тәсілі ретінде қарастырылуы мүмкін. Субъектінің ойын белсенділігін талдай отырып, Potenza et al., 2024; Yildirim, 2024 гэмблингтің ерекше психологиялық шындық ретіндегі мәртебесін анықтайтын бірқатар маңызды белгілерді бөліп көрсетеді:

- гэмблинг үшін сыртқы мотивациядан гөрі ішкі мотивация тән, бұл ойын мінез-құлқының сыртқы талаптар немесе нығайтулар нәтижесінде емес, адамның өзі үшін жүзеге асырылуынан көрінеді;
- гэмблингтің басты назарында ойынның нәтижесі мен салдары емес, ойын әрекетінің өзі мен оның процесі тұрады;
- объектіге бағытталған ойын жай ғана зерттеушілік мінез-құлық емес, сонымен қатар ойыншының сол объектімен не істей алатынын қамтиды;
- гэмблинг ойын сюжетін құруды және оны кейіннен объектілер мен оқиғалармен байланыстыруды қамтиды;
- гэмблинг барысында субъект ойын әрекетіне белсенді түрде тартылады;
- гэмблингтің аффективті компоненті ләззат алумен байланысты, бұл ләззат ойын процесінің өзімен қатар оның нәтижесі ретінде де көрінеді.

Осылайша, гэмблинг құмар ойындарға патологиялық тәуелділік ретінде адамның мінез-құлқының ерекше, басқа ешнәрсеге ұқсамайтын бұзылысы болып табылады. Оның психобелсенді заттарды қолданудан туындайтын тәуелділік синдромымен және ішкі импульстарды бақылауды жоғалтумен байланысты психикалық бұзылыстармен көптеген ортақ белгілері бар.

Біз жетекші қайшылық ретінде келесіні бөліп көрсеттік: жастар, студенттер және жетім студенттер арасында гэмблингке тәуелділіктің кең таралу деңгейінің жоғары болуы мен қоғамдағы ойынға тәуелділіктің алдын алу үдерісінің жеткілікті тиімді болмауы арасындағы қарама-қайшылық.

Анықталған қайшылық және одан туындайтын жетім студенттердің гэмблингке тәуелділігі мәселесі зерттеу мақсатын таңдауға негіз болды: гэмблингке тәуелді жетім студенттердің тұлғалық психологиялық ерекшеліктерін анықтау және ойынға тәуелділіктің алдын алу, психологиялық түзету мен оны жеңу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Әдістер

Құмар ойындарға тәуелділіктің ойындық түрінің даму жағдайын зерттеу мақсатында 2024–2025 жылдары жастардың гэмблинге тартылуын эксперименттік психологиялық зерттеу жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде қашықтықтан білім алатын, ойын әрекетіне тартылып, кейіннен оған субъективті тәуелділігі қалыптасқан жетім студент жастар таңдалды. Бұл тәуелділік аддиктивті тенденциялар мен мінез-құлық паттерндерінде көрініс тауып, сана мен өзіндік сананың, тұлға мен даралықтың деструктивті өзгерістеріне әсер етті.

Зерттеу әдістері: «Тәуелділік тесті» (М. Мурто, И. Нимел); өзін-өзі актуализациялау сауалнамасы (А. Маслоу); бейімделген мінездемелік сауалнама (К. Леонгард – Г. Шмишек); жағдаяттық және тұлғалық мазасыздық шкаласы (Ч. Д. Спилбергер – Ю. Л. Ханин).

Эксперименттік топты 19–27 жас аралығындағы құмар ойындарға тәуелді 15 адам құрады, олардың ішінде 10 ер адам және 5 әйел болды. Бақылау тобына 19–27 жас аралығындағы құмар ойын ойнайтын, бірақ қандай да бір тәуелділік түрімен ауырмайтын 15 адам енгізілді, олардың ішінде 11 ер адам және 4 әйел болды. Нәтижелерді математикалық өңдеу STATISTICA бағдарламасының көмегімен жүргізілді. Эксперименттік және бақылау топтарында сауалнама арқылы алынған нәтижелер арасындағы айырмашылықтар Манн–Уитнидің U-критерийі арқылы анықталды (Красова, Чуйкова, 2021). Топішілік байланыстар Спирменнің корреляция коэффициенті көмегімен анықталды (Красова, Чуйкова, 2021).

Нәтижелер

1-кестеде А. Маслоудың өзін-өзі актуализациялау сауалнамасы бойынша эксперименттік және бақылау топтарының мәліметтерін салыстыру нәтижелері келтірілген.

1-кесте

А. Маслоудың өзін-өзі актуализациялау сауалнамасы бойынша эксперименттік және бақылау топтарын салыстыру нәтижелері

№ р/р	Шкала атауы	Эксперименттік топ	Бақылау тобы	p
1	Уақытқа бағдарлану	8,51 ± 1,58	9,66 ± 2	0,1741
2	Қолдау	41,22 ± 8,52	46,77 ± 4,82	0,1022
3	Құндылықтық бағдарлар	9,84 ± 2,25	11,22 ± 3,63	0,3137
4	Мінез-құлық икемділігі	11,41 ± 2,99	12,66 ± 3,54	0,4091
5	Сензитивтілік	6,4 ± 1,17	7,88 ± 2,15	0,0742
6	Спонтандық	4,82 ± 1,69	6,88 ± 1,83	0,0191
7	Өзін-өзі құрметтеу	5,83 ± 2,57	9,22 ± 2,28	0,0073
8	Өзін-өзі қабылдау	9,35 ± 3,13	11,44 ± 2,74	0,1324
9	Адам табиғатына көзқарас	3 ± 1,25	4,88 ± 1,96	0,0215
10	Синергиялық	3,77 ± 1,34	3,88 ± 1,54	0,7778
11	Агрессияны қабылдау	6,11 ± 3,31	9,22 ± 2,33	0,0312
12	Қарым-қатынасқа бейімділік	8,95 ± 3,35	10,11 ± 3,18	0,4311
13	Танымдық қабілеттер	3,9 ± 1,66	5,33 ± 1,58	0,0718
14	Шығармашылық қабілет	6,92 ± 3,7	5,88 ± 2,26	0,4881

Екі топ арасындағы көрсеткіштердің айырмашылық дәрежесі Манн–Уитнидің U-критерийі көмегімен анықталды, мұнда P – эксперименттік және бақылау топтары арасындағы айырмашылықтардың статистикалық мәнділігі.

Кестеде берілген мәліметтерден көрініп тұрғандай, эксперименттік топта бақылау тобымен салыстырғанда барлық дерлік шкалалар бойынша (тек «Шығармашылық қабілет» шкаласын қоспағанда) балл көрсеткіштері төмен болған. Бұл ретте «Спонтандық», «Өзін-өзі құрметтеу», «Адам табиғатына көзқарас», «Агрессияны қабылдау» шкалалары бойынша топтар арасындағы айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан мәнді болды. Сонымен қатар «Сензитивтілік» және «Танымдық қабілеттер» шкалалары бойынша айырмашылықтар статистикалық мәнділік деңгейіне жуық болғаны байқалды.

А. Маслоу өзін-өзі актуализациялау сауалнамасы шкалалары бойынша орташа баллдарды салыстыру нәтижелері көрсеткендей, «Шығармашылық қабілет» шкаласынан басқа барлық шкалаларда эксперименттік топтың орташа баллдары бақылау тобынан төмен. Бұл құмар ойындарға тәуелді респонденттердің тәуелділігі жоқ тұлғалармен салыстырғанда өзін-өзі актуализациялау деңгейі төмен екенін білдіреді.

Эксперименттік топтағы «Спонтандық» шкаласы бойынша төмен балл респонденттердің өз сезімдері мен эмоцияларын мінез-құлықта ашық түрде білдіруден қорқатынын, бұл олардың тұйықтық (жасырындық) сипатын көрсететінін білдіреді. Бақылау тобындағы жоғары балл мұндай тұлғалардың алдын ала жоспарланбаған әрекеттер арқылы өз сезімдерін еркін білдіре алатынын көрсетеді.

«Өзін-өзі құрметтеу» шкаласын талдау барысында тәуелділігі жоқ респонденттердің өздерін жоғары бағалайтыны, өздеріне көбірек ұнайтыны анықталды (эксперименттік топпен салыстырғанда), бұл олардың өзін-өзі бағалауының жоғары екенін көрсетеді. Ал тәуелді респонденттерде керісінше төмен өзін-өзі бағалау байқалады, бұл мінез-құлықтағы сенімсіздікпен, өзіне сенбеуден қорқумен сипатталып, адамның психикалық жағдайына теріс әсер етеді.

«Адам табиғатына көзқарас» шкаласы бойынша алынған айырмашылықтар адам табиғатын түсінудің әртүрлі деңгейде екенін көрсетеді. Бақылау тобы өмір құбылыстары арасындағы заңдылықтарды жақсырақ түсініп, қарама-қайшылықтарды (еңбек пен ойын, махаббат пен құмарлық, эгоизм мен жанашырлық) антагонистік ретінде емес, өзара байланысты құбылыстар ретінде қабылдай алады. Эксперименттік топ респонденттері қарама-қайшы өмірлік құбылыстарды тұтас әрі мағыналы байланыстыруда әлсіздік танытады.

«Агрессияны қабылдау» шкаласы бойынша эксперименттік топтағы төмен көрсеткіш олардың өз агрессивтілігін қабылдау қабілетінің төмен екенін көрсетеді. Бұл құмар ойындарға тәуелді респонденттердің бұл қасиетті жасыруға, оны жоққа шығаруға және ішкі деңгейде басуға ұмтылатынын білдіреді. Бұл олардың тұйықтығын, өзін толық қабылдай алмауын көрсетеді. Бақылау тобы өкілдері агрессия мен ашу-ыза адам табиғатына тән құбылыс екенін жақсырақ түсініп, оны тұлғааралық қарым-қатынаста қабылдай алады.

К. Леонгард – Г. Шмишек мінездемелік сауалнамасы бойынша алынған мәліметтерді талдау нәтижелері. Зерттелетін топтардағы психологиялық типтердің таралуы 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Эксперименттік және бақылау топтарындағы тұлғаның психологиялық типтерінің таралуы

№ р/р	К. Леонгард – Г. Шмишек бойынша мінез типінің атауы	Топтардағы жағдайлар саны	
		Эксперименттік топ	Бақылау тобы
1	Гипертимді	4	1
2	Қозғыш	4	4
3	Эмотивті	1	2
4	Дистимиялық	2	2
5	Мазасыз-қорқақ	1	1
6	Аффективті- экзальтацияланған	3	3
7	Аффективті-лабильді	1	2
8	Тұрып қалатын (тепе-теңдігі тұрақсыз)	2	1

9	Педантикалық	0	2
10	Демонстративті	1	2

Екі зерттелуші топтағы психологиялық типтердің таралуын талдау барысында статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылықтар анықталған жоқ (үлестерді салыстыру әдісі).

2-кестеде көрініп тұрғандай, эксперименттік топта гипертимді типке жататын адамдар саны бақылау тобымен салыстырғанда көбірек. Ал басқа психологиялық типтер екі зерттелуші топта да шамалас деңгейде таралған.

Ч.Д. Спилбергер – Ю.Л. Ханин жағдаяттық және тұлғалық мазасыздық шкаласы бойынша алынған мәліметтерді талдау нәтижелері 3-кестеде берілген.

3-кесте

Ч. Д. Спилбергер – Ю. Л. Ханин жағдаяттық және тұлғалық мазасыздық шкаласы бойынша эксперименттік және бақылау топтарын салыстыру нәтижелері

№ р/р	Мазасыздық түрлері	Топтар		
		Эксперименттік	Бақылау	P
1	Жағдаяттық	47,9 ± 8,97	40,2 ± 5,99	0,0462
2	Тұлғалық	54 ± 12,61	35,8 ± 5,77	0,0005

Мазасыздық түрлерінің айқындылық деңгейін зерттеу барысында зерттелуші топтардағы әрбір мазасыздық түрі бойынша орташа баллдар есептелді. Топтар арасындағы көрсеткіштердің айырмашылық дәрежесі Манн–Уитнидің U-критерийі көмегімен анықталды, мұнда P – эксперименттік және бақылау топтары арасындағы айырмашылықтардың статистикалық мәнділігі.

3-кестеде берілген мәліметтерден көрініп тұрғандай, зерттелуші топтар екі мазасыздық түрі бойынша да елеулі түрде ерекшеленеді. Яғни, эксперименттік топта жағдаяттық та, тұлғалық та мазасыздық бойынша баллдардың статистикалық тұрғыдан мәнді жоғары деңгейі байқалды. Бұл ретте тұлғалық мазасыздық көрсеткіштері жағдаяттық (реактивті) мазасыздықпен салыстырғанда жоғары айырмашылыққа ие болды.

Эксперименттік топтағы жоғары жағдаяттық мазасыздық тұлғаның жоғары реактивтілігін, ішкі және сыртқы жағдайлардың өзара әрекеттесуіне белсенді тартылуын көрсетеді. Сонымен қатар жоғары жағдаяттық мазасыздық меланхолик темпераментіне тән қасиеттермен сәйкес келеді. Ал бақылау тобындағы респонденттерге көбінесе сангвиник немесе холерик темпераменті тән деп айтуға болады. Бұл құбылыс тәуелді ойыншылар мен тәуелді емес ойыншылардың ойынға деген қатынасының әртүрлілігімен түсіндіріледі. Тәуелді ойыншылар үшін ойын өмірдің негізгі бөлігіне айналып, көп уақыт пен күшті талап ететін, одан бас тарту мүмкін болмайтын әрекет ретінде қабылданады. Ал тәуелді емес ойыншылар үшін ойын тек жағымды бос уақыт өткізу құралы ғана болып табылады.

Эксперименттік топтағы жоғары тұлғалық мазасыздық тұлғаның жоғары ішкі белсенділігін көрсетеді, бұл меланхолик және сангвиник типтерімен байланысты сипаттамаларға сәйкес келеді.

Эксперименттік және бақылау топтарындағы көрсеткіштер арасындағы корреляциялық байланыстар Спирменнің корреляция коэффициенті (R) көмегімен есептелді.

Эксперименттік топ

Эксперименттік топта статистикалық мәнді байланыстар келесі айнымалылар арасында анықталды:

1. Жас ерекшелігі тұлғалық мазасыздық көрсеткішімен оң корреляцияда ($R=0,90$);
2. Некеде тұрған респонденттерде тұлғалық мазасыздық шкаласы бойынша жоғары балл байқалды ($R=0,81$);
3. Балалары бар респонденттерде «Сензитивтілік» шкаласы бойынша төмен балл анықталды ($R=0,81$);

4. Респонденттердің табыс деңгейі «Агрессияны қабылдау» шкаласы көрсеткішімен теріс корреляцияда ($R=-0,65$);

5. Тұрмыс жағдайы нашар респонденттерде «Сензитивтілік» шкаласы бойынша төмен балл ($R=0,89$) және «Өзін-өзі қабылдау» шкаласы бойынша жоғары балл байқалды ($R=-0,65$);

6. Отбасында тәуелділік бар респонденттер көрсеткіші жағдаяттық мазасыздық деңгейімен оң корреляцияда ($R=0,70$), ал «Мінез-құлық икемділігі» ($R=-0,63$), «Спонтандық» ($R=-0,65$) және «Қарым-қатынасқа бейімділік» ($R=-0,65$) шкалаларымен теріс корреляцияда болды;

7. Ойын залдарына бару жиілігі «Мінез-құлық икемділігі» шкаласымен теріс корреляцияда ($R=-0,71$).

Жастың ұлғаюымен тұлғалық мазасыздық деңгейінің артуы құмар ойындарға тәуелді ойыншылардың үміттерінің ақталмауымен түсіндіріледі, бұл олардың өмірлік шындықты адекватты қабылдамауын көрсетеді.

Отбасының болуы тұлғалық мазасыздықты күшейтеді, бұл тәуелді ойыншыда ішкі кернеудің артуына әкеледі. Яғни, отбасы оған қысым жасайтын, шектейтін фактор ретінде қабылданады. Осындай жағдай балалардың болуына да қатысты байқалады. Тәуелді ойыншы үшін балалар бәсекелес немесе кедергі фактор ретінде қабылданып, оның өзін-өзі сезінуі мен ішкі қажеттіліктерін түсіну қабілеті төмендейді.

Табыс деңгейі мен «Агрессияны қабылдау» шкаласы арасындағы байланыс материалдық жағдай нашарлаған сайын ойыншының агрессивтілігінің артуын көрсетеді. Бұл үлкен ұтылыстар мен қарыздар жағдайында қылмыстық әрекеттерге бейімділіктің пайда болуымен түсіндіріледі.

Тұрмыс жағдайлары мен сензитивтілік арасындағы байланыс адамның өз ішкі уайымдары мен сезімдерін сезіну қабілетінің төмендеуімен және сыртқы жағдайларға көбірек назар аударуымен түсіндіріледі. Тұрмыс жағдайлары нашарлаған сайын өзін-өзі қабылдау деңгейінің артуы патологиялық ойыншылардың өздерінің әлсіз тұстарын қолайсыз тұрмыс жағдайларымен ақтауға тырысатынымен байланысты.

Отбасы мүшелерінде тәуелділіктің болуы мен жағдаяттық мазасыздық деңгейінің жоғары болуы, мінез-құлық икемділігінің, спонтандықтың және қарым-қатынасқа бейімділіктің төмен деңгейі арасындағы байланыс тәуелділіктің қалыптасуындағы тұқым қуалаушылық факторлармен түсіндіріледі. «Мінез-құлық икемділігі» шкаласы бойынша төмен балл догматизмді, өзгермелі жағдайға тез бейімделе алмауды білдіреді. Ал «Спонтандық» және «Қарым-қатынасқа бейімділік» шкалалары бойынша төмен көрсеткіштер тұлғаның тұйықтығын, өз сезімдері мен эмоцияларын білдірудегі қиындықтарды, сондай-ақ қарым-қатынас орнату мен тұлғааралық байланыстарды құрудағы кедергілерді көрсетеді.

Ойын залдарына бару жиілігі мен мінез-құлық икемділігі арасындағы байланыс адамның ойынға неғұрлым көбірек тартылған сайын, одан бас тартуы соғұрлым қиын болатынын көрсетеді.

Бақылау тобы

Бақылау тобында статистикалық мәнді байланыстар келесі айнымалылар арасында анықталды:

1. Әйелдерде «Адам табиғатына көзқарас» шкаласы бойынша жоғары балл байқалды ($R=0,50$);

2. Респонденттердің білім деңгейі «Адам табиғатына көзқарас» шкаласы көрсеткішімен оң корреляцияда ($R=0,75$);

3. Некеде тұрған респонденттерде «Қолдау» шкаласы бойынша төмен балл анықталды ($R=-0,73$);

4. Балалары бар респонденттерде «Құндылықтық бағдарлар» шкаласы бойынша төмен балл байқалды ($R=-0,71$);

5. Жоғары табысы бар респонденттерде ойын залдарына бару жиілігі жоғары ($R=0,71$), туыстарының ойынға деген оң көзқарасы ($R=0,80$), «Өзін-өзі құрметтеу» шкаласы бойынша жоғары балл ($R=0,69$) және жағдаяттық мазасыздық деңгейінің төмендігі ($R=0,67$) анықталды;

6. Тұрмыс жағдайы нашар респонденттерде ойын залдарына бару жиілігі жоғары болды ($R=-0,83$);

7. Достарымен немесе туыстарымен бірге ойын залдарына баратын респонденттерде ойынға бару жиілігі жоғары екені байқалды ($R=0,67$);

8. Туыстарының ойынға деген теріс көзқарасы «Агрессияны қабылдау» шкаласы бойынша жоғары баллмен сәйкес келді ($R=-0,68$).

Респонденттердің білім деңгейі мен «Адам табиғатына көзқарас» шкаласы арасындағы корреляция адам табиғатын жақсылық пен жамандықтың, жанқиярлық пен пайдакүнемдіктің, сезімталдық пен сезімсіздіктің бірлігі ретінде тереңірек түсіну деңгейінің артқанын көрсетеді.

«Қолдау» шкаласы бойынша баллдың төмендеуі отбасын құрғаннан кейін шешім қабылдауда отбасы пікірінің маңызды рөл атқаратынын, отбасы мүддесіне бағдарлану күшейетінін көрсетеді. Балалы болған жағдайда құндылықтар жүйесі қайта құрылып, ата-аналар өз қажеттіліктерін екінші орынға қоя отырып, балаларға көбірек көңіл бөледі.

Бақылау тобында материалдық жағдай деңгейі мен әртүрлі көрсеткіштер арасындағы байланыстар прагматикалық сипатқа ие. Яғни, табыс деңгейі жоғары болған сайын ойыншылардың ойынға бару мүмкіндігі артады, өзін-өзі құрметтеу деңгейі жоғарылайды, туыстарының сыны азаяды және жағдаяттық мазасыздық төмендейді.

Тұрмыс жағдайының сапасы мен ойын залдарына бару жиілігі арасындағы кері байланыс ойыншының тұрмысына қанағаттанбауын ойын залдарына жиі бару арқылы өтеуге тырысатынын көрсетеді.

Достарымен бірге ойын залдарына баратын респонденттер жиірек ойнайды. Бұл олардың уақытты бірге өткізуге бейімділігімен және ойын клубтарына жағымды уақыт өткізу мен қарым-қатынастан ләззат алу мақсатында баруымен түсіндіріледі.

Туыстарының ойынға деген көзқарасы мен «Агрессияны қабылдау» шкаласы арасындағы байланыс сынға адекватты және теңгерімді қатынасты көрсетеді.

Топтардағы корреляциялық байланыстарды салыстыру

Отбасы. Тәуелді ойыншылар үшін отбасы мен балалар – кернеу мен мазасыздықты күшейтетін, қысым жасайтын фактор болып табылады. Ал тәуелділігі жоқ ойыншылар үшін отбасы керісінше қолдау көзі ретінде көрінеді. Олар отбасында өзін жалғыз сезінбейді және құндылықтары отбасы мүдделеріне сәйкес қайта бағытталады.

Материалдық және тұрмыс жағдайлары. Тәуелді ойыншыларда материалдық жағдайдың нашарлығы агрессивтіліктің артуымен байланысты. Ал дені сау ойыншылар бұл жағдайды достарымен көбірек уақыт өткізу, демалу және құмар ойындарды тек көңіл көтеру құралы ретінде пайдалану арқылы өтейді.

Тұқымқуалаушылық факторлар. Тәуелді ойыншыларда тұқымқуалаушылық факторлар тұлғаның көптеген қасиеттеріне (мінез-құлық икемділігі, спонтандық, қарым-қатынасқа бейімділік, жағдаяттық мазасыздық деңгейі, өзін-өзі құрметтеу) айтарлықтай әсер етеді. Ал тәуелділігі жоқ ойыншыларда бұл факторлар маңызды рөл атқармайды.

Ойын залдарына бару жиілігі. Тәуелділігі жоқ ойыншыларда ойын залдарына бару жиілігі материалдық жағдай деңгейіне байланысты. Ал тәуелді ойыншыларда бұл көрсеткіш мінез-құлық икемділігіне әсер етеді.

Талқылау

Жүргізілген зерттеу Cholewick, Antonia & Bennett, Daniel (2025); Toporetska et al. (2024); Potenza et al. (2024); Caudwell et al. (2024) еңбектерімен салыстырғанда өзінің жаңашылдығымен ерекшеленеді, өйткені мұнда құмар ойындарға тәуелді адамдардың жалпы психологиялық мәселелері жан-жақты зерттеліп, зерттеу нәтижесінде алынған фактілер ғылыми тұрғыдан негізделіп дәлелденді:

Ойынға тәуелді тұлғалардың жеке-психологиялық сипаттамалары тәуелділігі жоқ адамдармен салыстырғанда айтарлықтай ерекшеленеді. Құмар ойындарға тәуелді адамдарға өзін-өзі актуализациялау деңгейінің төмендігі және мазасыздық деңгейінің жоғарылығы тән. Оларға эмоционалдық тепе-теңдіктің бұзылуы, өз-өзіне сенімсіздік, шешім қабылдаудағы екіұштылық, ренжігіштік, күмәншілдік, эмоциялардың терең ішкі мазмұны, бірақ сыртқы әлсіз көрінісі сияқты қасиеттер тән.

Әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан мұндай адамдарға қарым-қатынас орнатуда, тұлғааралық байланыстарды қалыптастыруда, отбасы және ұжыммен өзара әрекетте қиындықтар тән. Бұл олардың тұйық мінезімен, жабықтығымен, агрессивтілігімен, адам табиғатына деген теріс көзқарасымен сипатталады. Сондай-ақ психикалық күйлер деңгейінде көңіл-күйдің төмендеуі, тез шаршау, өзгермелі өмірлік жағдайларға бейімделудің төмендігі және шешім қабылдаудағы қиындықтар байқалады.

Эксперименттік психодиагностикалық зерттеу субъектінің жалғыздыққа бейімділігі мен құмар ойындарға тәуелділігі арасында өзара байланыс бар екенін көрсетті. Сонымен қатар «тәуелді» және «тәуелді

емес» жетім студенттер үшін де құмар ойындар қарым-қатынас тапшылығын толықтыру құралы және өздерінің «Мен» бейнесін субъективті қайта бағалау тәсілі ретінде көрінеді.

Психология тұрғысынан ойынға тәуелділік тұлға құрылымындағы әлеуметтік-психологиялық түзілімдер арқылы анықталады, атап айтқанда: әлеуметтік-психологиялық бағыттылық (жалғыздық векторы, өзіне және өзгелерге бағытталуы); құндылықтар және олардың эмоционалдық тәжірибесі (ойын процесі, оның нәтижесі және қарым-қатынас мүмкіндігі); тұлғалық ұстанымдар – ойынсыз жалғыздықты жеңе алмау сезімімен байланысты субъективті күй (тәуелділіктің әртүрлі формалары).

Зерттеу барысында резиленттіліктің өзіндік тиімділік пен қабылданатын әлеуметтік қолдаумен оң байланыста екені анықталды. Бұл ата-аналардың өз мүмкіндіктеріне сенімі мен қолдаушы әлеуметтік ортаның болуы олардың психологиялық тұрақтылығын арттыратынын көрсетеді. Алынған нәтижелер F. Walsh ұсынған жүйелік тәсілді қолдай отырып, ата-аналардың резиленттілігі жеке тұлғалық ресурстар мен әлеуметтік факторлардың өзара әрекеттестігі нәтижесінде қалыптасатынын айқындайды.

Осылайша, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарымен психологиялық жұмыс жүргізуде резиленттілікті дамытуға бағытталған кешенді, көпдеңгейлі тәсілдің маңыздылығы ғылыми тұрғыдан негізделді.

Практикалық ұсыныстар

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарын психологиялық қолдауға бағытталған келесі практикалық ұсыныстар ұсынылады.

1. Психологиялық сүйемелдеу бағдарламаларын әзірлеу

Ата-аналардың резиленттілігін арттыруға бағытталған кешенді психологиялық бағдарламалар әзірлеу ұсынылады. Мұндай бағдарламалар келесі бағыттарды қамтуы тиіс:

- эмоционалдық реттеу дағдыларын дамыту;
- стресс пен күйзелісті басқару стратегияларын меңгеру;
- когнитивтік қайта бағалау және жағдайды қабылдау қабілеттерін қалыптастыру.

2. Өзіндік тиімділікті арттыруға бағытталған тренингтер

Ата-аналардың өз мүмкіндіктеріне сенімін күшейту мақсатында проблемаларды шешу, мақсат қою және ресурстарды тиімді пайдалану дағдыларын дамытуға бағытталған тренингтер өткізу ұсынылады. Бұл ата-аналардың белсенді позициясын қалыптастырып, резиленттіліктің тұрақты деңгейін қамтамасыз етеді.

3. Әлеуметтік қолдау желілерін кеңейту

Ата-аналар үшін қолдау топтарын (parent support groups) ұйымдастыру, тәжірибе алмасу алаңдарын

құру және кәсіби мамандармен тұрақты байланыс орнату резиленттілікті арттырудың маңызды факторы болып табылады. Әсіресе білім беру ұйымдары мен психологиялық қызметтердің ата-аналармен серіктестік форматын дамыту ұсынылады.

4. Мамандармен өзара әрекеттесуді жетілдіру

Психологтар, педагогтер және дефектологтар тарапынан ата-аналармен жұмыс жүргізуде серіктестікке негізделген, эмпатиялық және ресурсқа бағытталған тәсілді қолдану қажет. Бұл ата-аналардың өздерін құзыретті және қолдаулы сезінуіне ықпал етеді.

5. Инклюзивті білім беру жүйесінде ата-аналарды қолдау

Инклюзивті білім беру саясаты аясында ата-аналарға арналған психологиялық кеңес беру қызметтерін қолжетімді ету, ақпараттық қолдау көрсету және ата-аналардың білім беру процесіне белсенді қатысуын ынталандыру ұсынылады.

Мүдделер қақтығысы: Авторлар өздерінің мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың үлесі

Тұжырымдамалау: Н.А.Кудушева

Әдіснама: Н.А.Кудушева, Ниетбаева Г.Б.

Зерттеу деректерін жинау: Пернебекова Ф.О.

Зерттеу деректеріне жетекшілік ету: Н.А.Кудушева, Ниетбаева Г.Б. Пернебекова Ф.О.

Мақаланың түпнұсқалық алғашқы түрін даярлау: Кудушева Н.А.

Редакциялау және сыни шолу: Пернебекова Ф.О.

Әдебиеттер тізімі:

Abidin R. R., Smith L. T., Kim H. Parenting stress. (2022). *WikiJournal of Medicine*. 9(1), 3. DOI: 10.15347/WJM/2022.003.

Lazarus, R. S., & Folkman, S. (1984). *Stress, appraisal, and coping*. Springer.

Maddi, S. R. (2005). On hardiness and other pathways to resilience. *American Psychologist*, 60(3), 261–262.

Masten, A. S. (2014). *Ordinary magic: Resilience in development*. Guilford Press.

Rajan, A., Srikrishna, G., & Romate, J. M. (2016). Resilience of parents having children with intellectual disability: Influence of parent and child related demographic factors. *Indian Journal of Health and Wellbeing*, 7(7), 707–710.

Senn, M., Stadelmann, C., Forster, F., Nussbeck, F. W., & Bodenmann, G. (2023). Parental stress mediates the effects of parental risk factors on dysfunctional parenting in first-time parents: A dyadic longitudinal study. *Journal of Social and Personal Relationships*, 40(12), 4335–4358. <https://doi.org/10.1177/02654075231165340>

Tedeschi, R. G., & Calhoun, L. G. (2004). Posttraumatic growth: Conceptual foundations and empirical evidence. *Psychological Inquiry*, 15(1), 1–18.

Walsh, F. (2003). Family resilience: A framework for clinical practice. *Family Process*, 42(1), 1–18.

Walsh, F. (2016). Family resilience: A developmental systems framework. *European Journal of Developmental Psychology*. <https://doi.org/10.1080/17405629.2016.1154035>

Валиева Ф. И. (2014). Резилиантность: подходы, модели, концепции. *Вестник Санкт-Петербургского университета*, 12(2), 39–50.

Василенко В. Е., Савенышева С. С., Заплетина О. О. (2021). Родительский и повседневный стресс у матерей детей раннего и дошкольного возраста. *Консультативная психология и психотерапия*, 29(4), 27–48. <https://doi.org/10.17759/cpp.2021290403>

Забелина Е. В., Кузнецова Д. К. (2015). Понятие психологической резильентности: основные теории. *Вестник Челябинского государственного университета. Серия: Психология и педагогика*, (1), 10–13.

Иванова К. А., Валиева Ф. И. (2016). Развитие резилиантности у подростков. В: *Неделя науки в СПбПУ: материалы научного форума с международным участием. Лучшие доклады* (pp. 302–305). SPbPU.

Махнач А. В., Лактионова А. И. (2013). Личностные и поведенческие характеристики подростков как фактор их жизнеспособности и социальной адаптации. *Психологический журнал*, 34(5), 69–84.

Селиванова О. А., Быстрова Н. В., Дереча И. И., Мамонтова Т. С., Панфилова О. В. (2020). Изучение феномена резильентности: проблемы и перспективы. Мир науки. Педагогика и психология, (3). URL: <https://mir-nauki.com/PDF/04PSMN320.pdf>

Ф.О. Пернебекова¹, Н.А. Кудушева^{*2}, Г.Б. Ниетбаева³

^{1,2,3}Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Психологические особенности резилентности у родителей детей с особыми образовательными потребностями

Аннотация. В статье рассматриваются психологические особенности резилентности у родителей детей с особыми образовательными потребностями. Актуальность исследования обусловлена высоким уровнем родительского стресса и преобладанием психоэмоциональной нагрузки в семьях данной категории, что требует выявления психологических ресурсов адаптации.

В ходе исследования был проведён анализ современных научных источников, раскрыта сущность понятия резилентности, её структурные компоненты, а также факторы, влияющие на формирование резилентности у родителей детей с особыми образовательными потребностями. Основное внимание уделялось эмоциональным, когнитивным, социальным и смысловым аспектам.

Эмпирическое исследование проводилось в рамках поперечного дизайна, в качестве участников были отобраны родители детей с особыми образовательными потребностями (N = 40). Уровень резилентности родителей оценивался с использованием шкалы Connor–Davidson Resilience Scale (CD-RISC), родительский стресс — методикой Parenting Stress Index – Short Form (PSI-SF), самооффективность — шкалой General Self-Efficacy Scale (GSES), а воспринимаемая социальная поддержка — с помощью Multidimensional Scale of Perceived Social Support (MSPSS).

Результаты исследования показали наличие отрицательной корреляционной связи между резилентностью родителей и уровнем родительского стресса ($r = -0,56$), а также положительных корреляций с самооффективностью ($r = 0,62$) и социальной поддержкой ($r = 0,48$). Это свидетельствует о том, что психологическая устойчивость родителей зависит от взаимодействия личностных и социальных ресурсов.

По итогам исследования установлено, что развитие резилентности является важным фактором повышения адаптационных возможностей родителей в стрессовых ситуациях, улучшения их психологического благополучия и обеспечения эффективности функционирования семьи. Полученные данные могут быть использованы при разработке программ психологической поддержки родителей, а также в практике инклюзивного образования.

Ключевые слова: резилентность, родители, дети с особыми образовательными потребностями, родительский стресс, психологические ресурсы, самооффективность, адаптация.

F. Pernebekova¹, N. Kudusheva^{*2}, G. Nietbaeva³

^{1,2,3}Abai Kazakh National Pedagogical University

Psychological characteristics of resilience in parents of children with special educational needs

Abstract. The article examines the psychological characteristics of resilience in parents of children with special educational needs. The relevance of the study is determined by the high level of parental stress and the predominance of psycho-emotional burden in families of this category, which necessitates the identification of psychological resources for adaptation.

The study involved an analysis of contemporary scientific literature, revealing the essence of the concept of resilience, its structural components, as well as factors influencing the development of resilience in parents of children with special educational needs. Particular attention was paid to emotional, cognitive, social, and meaning-related aspects.

The empirical study was conducted using a cross-sectional design, with parents of children with special educational needs selected as participants (N = 40). Parental resilience was assessed using the Connor–Davidson

Resilience Scale (CD-RISC), parental stress was measured by the Parenting Stress Index – Short Form (PSI-SF), self-efficacy was evaluated using the General Self-Efficacy Scale (GSES), and perceived social support was assessed with the Multidimensional Scale of Perceived Social Support (MSPSS).

The results demonstrated a negative correlation between parental resilience and parental stress ($r = -0.56$), as well as positive correlations with self-efficacy ($r = 0.62$) and social support ($r = 0.48$). These findings indicate that parents' psychological resilience depends on the interaction of personal and social resources.

The study concludes that the development of resilience is a key factor in enhancing parents' ability to adapt to stressful situations, improving psychological well-being, and ensuring effective family functioning. The obtained results can be applied in the development of psychological support programs for parents and in the practice of inclusive education.

Keywords: resilience; parents; children with special educational needs; parental stress; psychological resources; self-efficacy; adaptation.

References

- Abidin, R. R., Smith, L. T., & Kim, H. (2022). Parenting stress. *WikiJournal of Medicine*, 9(1), 3. <https://doi.org/10.15347/WJM/2022.003>
- Ivanova, K. A., & Valieva, F. I. (2016). Razvitie reziliantnosti u подростков [Development of resilience in adolescents]. In *Nedelya nauki v SPbPU: Materialy nauchnogo foruma s mezhdunarodnym uchastiem. Luchshie doklady* (pp. 302–305). SPbPU.
- Lazarus, R. S., & Folkman, S. (1984). *Stress, appraisal, and coping*. Springer.
- Machnakh, A. V., & Laktionova, A. I. (2013). Lichnostnye i povedencheskie kharakteristiki подростков kak faktor ikh zhiznesposobnosti i sotsial'noi adaptatsii [Personal and behavioral characteristics of adolescents as a factor of their viability and social adaptation]. *Psikhologicheskii zhurnal*, 34(5), 69–84.
- Maddi, S. R. (2005). On hardiness and other pathways to resilience. *American Psychologist*, 60(3), 261–262.
- Masten, A. S. (2014). *Ordinary magic: Resilience in development*. Guilford Press.
- Rajan, A., Srikrishna, G., & Romate, J. M. (2016). Resilience of parents having children with intellectual disability: Influence of parent and child related demographic factors. *Indian Journal of Health and Wellbeing*, 7(7), 707–710.
- Selivanova, O. A., Bystrova, N. V., Derecha, I. I., Mamontova, T. S., & Panfilova, O. V. (2020). Izucheniye fenomena reziliantnosti: problemy i perspektivy [Study of the phenomenon of resilience: Problems and prospects]. *Mir nauki. Pedagogika i psikhologiya*, (3). <https://mir-nauki.com/PDF/04PSMN320.pdf>
- Senn, M., Stadelmann, C., Forster, F., Nussbeck, F. W., & Bodenmann, G. (2023). Parental stress mediates the effects of parental risk factors on dysfunctional parenting in first-time parents: A dyadic longitudinal study. *Journal of Social and Personal Relationships*, 40(12), 4335–4358. <https://doi.org/10.1177/02654075231165340>
- Tedeschi, R. G., & Calhoun, L. G. (2004). Posttraumatic growth: Conceptual foundations and empirical evidence. *Psychological Inquiry*, 15(1), 1–18.
- Valieva, F. I. (2014). Reziliantnost: podkhody, modeli, kontseptsii [Resilience: Approaches, models, concepts]. *Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Seriya 12*, (2), 39–50.
- Vasilenko, V. E., Savenysheva, S. S., & Zapletina, O. O. (2021). Roditel'skii i povsednevnyi stress u materei detei rannego i doskol'nogo vozrasta [Parental and daily stress in mothers of early and preschool children]. *Konsul'tativnaya psikhologiya i psikhoterapiya*, 29(4), 27–48. <https://doi.org/10.17759/cpp.2021290403>
- Walsh, F. (2003). Family resilience: A framework for clinical practice. *Family Process*, 42(1), 1–18.
- Walsh, F. (2016). Family resilience: A developmental systems framework. *European Journal of Developmental Psychology*. <https://doi.org/10.1080/17405629.2016.1154035>
- Zabelina, E. V., & Kuznetsova, D. K. (2015). Ponyatie psikhologicheskoi reziliantnosti: osnovnye teorii [The concept of psychological resilience: Main theories]. *Vestnik Chelyabinskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Psikhologiya i pedagogika*, (1), 10–13.

Авторлар туралы мәлімет:

Пернебекова Ф.О. – әлеуметтік ғылымдар магистрі, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық 13, 050010, Алматы, Қазақстан. E-mail: pernebekova.fatima@mail.ru

Кудушева Н.А. – хат-хабар авторы, PhD, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық 13, 050010, Алматы, Қазақстан. E-mail: nurgaisha72@mail.ru

Ниетбаева Г.Б. – PhD, қауымдастырылған профессор м.а, Педагогика және психология факультетінің деканның м.а., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық 13, 050010, Алматы, Қазақстан. E-mail: mika-argin76@mail.ru

Information about the authors:

Pernebekova F. – Master of Social Sciences, PhD doctoral student, Department of General and Applied Psychology, Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk Ave., 050010, Almaty, Kazakhstan. E-mail: pernebekova.fatima@mail.ru

Kudusheva N. – corresponding author, PhD, Senior Lecturer, Department of General and Applied Psychology, Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk Ave., 050010, Almaty, Kazakhstan. E-mail: nurgaisha72@mail.ru


Niyetbayeva G. – PhD, Acting Associate Professor, Acting Dean of the Faculty of Pedagogy and Psychology, Head of the Department of General and Applied Psychology, Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk Ave., 050010, Almaty, Kazakhstan. E-mail: mika-argin76@mail.ru

Сведения об авторах:

Пернебекова Ф.О. – магистр социальных наук, PhD-докторант кафедры общей и прикладной психологии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, ул. Достык, 13, 050010, г. Алматы, Казахстан. E-mail: pernebekova.fatima@mail.ru

Кудушева Н.А. – автор для корреспонденции, PhD, старший преподаватель кафедры общей и прикладной психологии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, ул. Достык, 13, 050010, г. Алматы, Казахстан. E-mail: nurgaisha72@mail.ru

Ниетбаева Г.Б. – PhD, и.о. ассоциированного профессора, и.о. декана факультета педагогики и психологии, заведующий кафедрой общей и прикладной психологии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, ул. Достык, 13, 050010, г. Алматы, Казахстан. E-mail: mika-argin76@mail.ru



АУТИСТИК СПЕКТР БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН АТА-АНАЛАРДЫҢ МАЗАСЫЗДЫҚ КҮЙІ: ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Г.Т. Сулейменова^{*1}, А.С. Нурадинов², А.Т. Каримова³

^{1,2} Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

³ Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

E-mail: ^{*1} suleimenova.gt@yandex.ru, ² nuradinov_as@enu.kz, ³ zhubanova_aru00@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада әлеуметтік-психологиялық талдау контексінде, аутистік спектрдің бұзылысы бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың мазасыздық күйі қарастырылған. Зерттеудің өзектілігі АСБ балалар санының өсуімен және баланы тәрбиелеу және әлеуметтік бейімделу ерекшеліктерімен байланысты ұзақ уақыттық эмоционалды шиеленісті сезінетін ата-аналардың психологиялық күйін зерттеу қажеттілігімен байланысты. Зерттеудің мақсаты-АСБ балалардың ата-аналарында мазасыздық күйдің пайда болу ерекшеліктерін және мазасыздық деңгейіне әсер ететін әлеуметтік-психологиялық факторларды анықтау болып табылады. Зерттеуде отбасының әлеуметтік-демографиялық және психологиялық ерекшеліктерді зерттеуге бағытталған авторлық сауалнама, сонымен қатар В.В.Бойконың негізсіз мазасыздыққа бейімділікті экспресс-диагностикалау әдістемесі қолданылды. Зерттеуге АСБ балаларды тәрбиелеп отырған 118 ата-ана қатысты. Эмпирикалық зерттеуден алынған нәтижелер бойынша ата-аналардың 38%-ында негізсіз мазасыздықтың жоғары деңгейі анықталды. Мазасыздықтың негізгі детерминанты ретінде баланың болашақтағы әлеуметтік бейімделуіне қатысты қорқыныш болып табылады. Сонымен қатар, ата-аналардың өздерінің ата-аналық міндеттерін толық орындай алмауым мүмкін деген уайымы олардың жасырын мазасыздық деңгейінің жоғарылауына әкеледі. Сондай-ақ әкелерге қарағанда аналарда АСБ баланы тәрбиелеу және күтім жасаумен байланысты туындайтын мазасыздық күйі жоғары көрінді. Зерттеу нәтижелері АСБ баланы тәрбиелеп отырған отбасының мазасыздық күйін төмендетуге және психологиялық әл-ауқатын көтеруге бағытталған психологиялық қолдаудың кешенді бағдарламасын өңдеу қажеттілігін көрсетеді.

Түйін сөздер: аутистік спектрдің бұзылысы, АСБ балалардың ата-аналары, мазасыздық, негізсіз мазасыздық, қорқыныш, созылмалы шаршау, әлеуметтік-психологиялық талдау.

Түсті: 06.05.2026; Жөнделді: 18.05.2026; Мақұлданды: 12.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

Кіріспе

Аутизм спектрінің бұзылысы (АСБ) – әлеуметтік өзара әрекеттесу мен қарым-қатынас саласындағы қиындықтармен, сондай-ақ қайталанатын немесе шектеулі мінез-құлық үлгілерімен сипатталатын күрделі нейродамудың бұзылысы болып табылады (Hodges et al., 2020). АСБ спектрі аутистік бұзылыс, Ретт синдромы, Аспергер синдромы және дамудың жалпы бұзылыстары сияқты әртүрлі клиникалық түрлерді қамтиды (Taylor et al., 2020). Қазіргі таңда оның әлем бойынша таралу көрсеткіші артып келеді, бұл өз кезегінде АСБ бар балалар мен олардың отбасылары үшін маңызды әлеуметтік және психологиялық қиындықтар туындатады (Lord et al., 2018).

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, соңғы жылдары аутизм спектрінің бұзылысы бар балалар саны тұрақты өсіп келеді, бұл мәселенің қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы өзектілігін арттыра түсуде. АСБ-ның этиологиясы толық анықталмағанымен, оның қалыптасуына генетикалық, нейробиологиялық және қоршаған орта факторларының кешенді әсері ықпал ететіні анықталған. Аталған бұзылыс көбіне ерте балалық шақ кезеңінде байқалып, баланың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік даму ерекшеліктеріне әсер етеді. Әсіресе, АСБ бар балалар әлеуметтік қарым-қатынас орнатуда, эмоцияларды түсіну мен білдіруде, қоршаған орта талаптарына бейімделуде елеулі қиындықтарға тап болады. Бұл ерекшеліктер тек баланың жеке дамуына ғана емес, сонымен қатар ата-аналардың эмоционалдық жағдайына, отбасыишілік қатынастарға және отбасының өмір сүру сапасына да ықпал етеді. Сондықтан АСБ мәселесін кешенді зерттеу және мұндай отбасыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қазіргі ғылым мен тәжірибенің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

ДДҰ деректеріне сәйкес, әлемде шамамен әрбір 127 баланың 1-інде аутизм спектрінің бұзылысы кездеседі (WHO, 2025). Ал Қазақстанда соңғы бес жылда аутистік спектрдің бұзылысы (АСБ) бар балалар үш есеге артқан. «Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі» ақпараттық жүйесінің деректеріне сәйкес, 2025 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша АСБ бар 12 807 бала мен жасөспірім (0-17 жас) бақылауға алынған (Inbusiness.kz, 2025). Әрбір ана өзінің баласы дені сау болып туылып өмірде үлкен жетістіктерге жеткенін қалайды. Алайда көптеген аналардың олардың баласы физикалық, интеллектуалды және рухани ерекше қажеттіліктері бар екендігін шындық ретінде қабылдауына тура келеді (Carone et al., 2020; Dow, 2019; Gul et al., 2021). Баланың өсуіндегі ұзақ өмірлік жолында үміт өшіп, мазасыздық күй біртіндеп күшейеді. Қайғы бір оқиғадан ғана емес, ал жауабы жоқ көптеген түндерден жиналғанның салдарынан пайда болады. (Amelia et al., 2023). Аутизм баланы тәрбиелеп отырған ата-аналардың мазасыздық күйі, баланың ерекше күйімен байланысты уайым мен қысымның да пайда болуына әкеледі. Nurussakinah және т.б. (2024) зерттеулерінің көрсетуі бойынша көбінде баланың аутистік спектрінің бұзылысы (АСБ) бар туралы ақпарат алғаннан кейін түрлі эмоционалды реакциямен көрінетін жеткілікті мазасыздық (58,7%) күйін сезінетінін көрсетеді. Осы мазасыздық ата-аналарға физикалық та, психологиялық та аспектіде теріс әсер етеді.

АСБ балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың мазасыздық күйі мәселесі қазіргі психология ғылымында ерекше орынға ие және отбасының психологиялық саулығына тікелей әсер ететін факторлардың бірі ретінде қарастырады. Кейінгі жылдардағы халықаралық зерттеулерде осы санаттағы ата-аналардың мазасыздық және стресстік бұзылыстарға жоғары сезімталдығын көрсететін эмпирикалық материалдар жинақталған. Зерттеудің фундаменталды бағыттарының бірі ата-аналық стрессті мазасыздық күйдің қалыптасуының негізі ретінде зерттеу болып табылады.

Әдебиеттерге шолу

АСБ балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың психологиялық күйін зерттеуге арналған еңбектерге жүйелі талдау жасайтын болсақ, S.Hayes және S.Watson (2013) көптеген эмпирикалық жұмыстың нәтижесіне жасалған мета-анализі АСБ балалардың ата-аналары қалыпты дамудағы балалардың ата-аналарына қарағанда неғұрлым жоғарғы деңгейде стресс пен мазасыздықтың статистикалық мәнді деңгейде болатынын көрсетеді. Авторлар АСБ балалардың коммуникациядағы қиындығы, мінез-құлықтағы бұзылыстар және үнемі күтім қажеттілігі ата-аналарда созылмалы стресстік жүктемені қалыптастыратынын алға тартады. Дәл осыған ұқсас нәтижелерді V.Bitsika және C.Sharpley (2004) АСБ балалардың ата-аналарында жоғарғы

деңгейдегі мазасыздық пен депрессия болатынын көрсеткен. Осы тұрғыда мазасыздық күй соматикалық симптомдармен және эмоционалды қажумен жүреді, бұл психологиялық бұзылыстың кешенді сипатын көрсетеді. Тағы бір зерттеу нәтижелері ата-аналардың шамамен 20%-ында мазасыздық белгілері, ал 40%-ға жуығында депрессиялық симптомдар байқалатынын көрсетті. Бұдан АСБ бар балаларды тәрбиелейтін ата-аналар арасында психикалық денсаулық мәселелерінің кең таралғанын байқауға болады (Han et al., 2026). АСБ бар балалардың аналарындағы менталды денсаулық мәселелері Świerczyńska және т.б. (2026) зерттеуінде де көрсетілген. Авторлар GHQ-28 сауалнамасы негізінде невротизм мен жағымсыз эмоционалдылық деңгейі жоғарылаған сайын психикалық күйзеліс белгілерінің күшейетінін анықтаған. Сонымен қатар, төмен стресске тұрақтылық, әлеуметтік оқшаулану, физикалық қажу және ақпараттық қолдаудың жеткіліксіздігі психикалық бұзылыс симптомдарының негізгі предикторлары ретінде қарастырылған. Бұл нәтижелер АСБ бар балалардың аналары жоғары эмоционалдык жүктемеге жиі ұшырайтынын дәлелдейді.

S.Bonis (2016) жүргізген еңбегінде АСБ бар балалардың ата-аналарының психологиялық жағдайы туралы мәліметтер жүйеленген, мұнда мазасыздық ата-аналық стресс пен эмоционалдык күйзелістің негізгі компоненттерінің бірі ретінде қарастырылады. Автордың атап өтуінше, ұзақ уақыт бойы мазасыздық күйінде болу ата-аналардың өмір сапасының төмендеуіне және психикалық денсаулығының нашарлауына алып келуі мүмкін. Бірқатар зерттеулерде ата-аналардың субъективті өмір сапасына мазасыздықтың әсері атап көрсетіледі. Мәселен М. Kousha, Н. Attar және Z. Shoar (2016) зерттеуінде АСБ балалардың аналары арасындағы жоғарғы деңгейдегі мазасыздық өмір сапсы мен психологиялық саулық көрсеткіштерімен теріс корреляцияға ие екендігін анықтаған. E.Vasilopoulou мен J.Nisbet жүргізген жүйелі шолу да аутизмді бар балалардың ата-аналарының өмір сапасын төмендететін негізгі факторлардың бірі ретінде мазасыздық күйлерін растайды. Авторлар отбасыларға арналған кешенді психологиялық қолдау бағдарламаларын әзірлеу қажеттігін атап өтеді (Rivard et al., 2014). Ғылыми еңбектерде балалардың диагнозына қарай аналарда мазасыздықтың көріну ерекшеліктеріне ерекше көңіл аударды. A.Estes және әріптестерінің (2009) зерттеулерінде аутизммен ауыратын мектепке дейінгі балалардың аналарында, психикалық дамуы арта қалған балалардың аналарына қарағанда неғұрлым жоғары мазасыздық күйінде болатынын анықтаған. Ал A.Dabrowska және E.Pisula (2010) өз зерттеулерінде мінез-құлық мәселесі және әлеуметтік дезадаптацияның айқын көрінуімен байланысты аутизмді бар балалардың ата-аналарында, Даун синдромындағы балалардың ата-аналарына қарағанда мазасыздық және стресс деңгейі жоғары болатынын көрсетеді. Осы зерттеу нәтижелерін Afzal M. және т.б. (2025) жүргізген зерттеуімен дәлелдеуге болады. Авторлар аутист балалардың ата-аналары қарым-қатынастағы және коммуникацияның түрлі стиліндегі қателік сияқты коммуникативті мәселелердің салдарынан және осы мәселені шешуде қолданатын қиындықты жеңу механизмдерінде эмоционалды шиеленісті және мазасыздықты сезінетінін анықтады. Себебі АСБ байланысты ең маңызды мәселелердің бірі – коммуникациялық бұзылыстар болып табылады, себебі қарым-қатынас адамаралық өзара әрекеттесу мен әлеуметтік қатынастардың негізгі құрамдас бөлігі саналады. АСБ бар балалар көбінесе вербалды және вербалды емес коммуникацияда қиындықтарға тап болады. Оларға сөйлеу тілінің кеш дамуы немесе мүлде қалыптаспау жағдайлары, әңгіме бастау мен оны жалғастырудағы қиындықтар, сондай-ақ интонация, мимика және дене қимылдары сияқты тілдік және әлеуметтік белгілерді түсінудегі ерекшеліктер жатады. Сонымен қатар, аталған бұзылыстар әртүрлі формада көрінуі мүмкін: вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дефициттері, әлеуметтік сигналдарды танудағы қиындықтар, эмоцияларды түсіну мен білдірудегі ерекшеліктер (Lacroix et al., 2026). Осыған байланысты АСБ жағдайындағы коммуникациялық ерекшеліктерді зерттеуде маңызды болып табылады.

Сондай-ақ АСБ бұзылыстардың деңгейіне қарай да, әсіресе екінші деңгейлі бұзылыстағы АСБ балалардың ата-аналарында мазасыздық жоғары болады (Woods et al., 2020).

Сонымен қатар АСБ балаларды ата-аналарына қатысты зерттеудің маңызды бағыттарының бірі – ата-аналардың мазасыздық деңгейін күшейтетін немесе төмендететін әлеуметтік факторларды талдау болып табылады. Zablotzky C. (2013) бастаған авторлар АСБ балалардың аналарының мазасыздық деңгейі әлеуметтік қолдаудың қолжетімділігімен және қолданылатын копинг-стратегиямен тығыз байланысты екені көрсетілген. Отбасы мен қоғам тарапынан қолдаудың жеткіліксіздігі мазасыздықты күшейтеді, ал тиімді копинг-механизмдер оның төмендеуіне әсер етеді. Осы бағытты толықтыра отырып C.Pottie мен K.Ingram (2008) өз зерттеуінде көп деңгейлі модельдеу әдісін қолдана отырып, күнделікті стресстік жағдайлар мен

оларды еңсеру тәсілдері ата-аналардың мазасыздық деңгейіне және жалпы психологиялық әл-ауқатына тікелей әсер ететінін дәлелдеді. Ал Rivard M. және әріптестерінің (2014) зерттеуінде аутизмге қатысты дефицитарлық-бағдарланған стереотиптердің әлеуметтік құрылымдарға терең сіңгенін көрсетеді. Аутизмге қатысты қоғамдағы стигматизация мен айыптау әкелердің күнделікті өмірінің барлық салаларына еніп, кәсіби, білім және қоғамдық кеңістіктерде, сондай-ақ отбасы және этномәдени қауымдастықтар аясында көрініс табатынын көрсетеді. Зерттеуге қатысушылар ата-ана рөліндегі өздерінің осал тұстарын да атап өтіп, өз этникалық топтарымен өзара әрекеттесу барысында қолдау мен қысымды қатар сезінуі мүмкін күрделі үдерістерді сипаттаған.

Қытайда жүргізілген Han, Zhong және Hansen зерттеуінде АСБ балалардың ата-аналарының эмоциялық жағдайы негізінен негативті сипатта болатыны және оны төрт негізгі бағыт бойынша көрсеткен: балаға күтім жасауға байланысты күйзелістер, өз ата-аналық мінез-құлқын бағалау, әлеуметтік қолдау деңгейі және болашаққа қатысты күтімдер. Сонымен қатар, ата-аналардың кілттік ақпараттық қажеттіліктерін айқындады, олар интервенция және оқыту мәселелерін, ата-аналық тәжірибемен алмасу, білім беруді, әлеуметтік өзара әрекеттесуді және баланың даму перспективаларын қамтиды. Ата-аналардың эмоционалды күйі мен ақпараттық қажеттіліктердің қолжетімділігі арасында корреляциялық байланысты көрсетті: теріс эмоциялардың, соның ішінде мазасыздықтың неғұрлым жоғары болуы, ақпарат пен қолдауды іздеу қажеттілігін күшейтеді. Алынған нәтижелер эмоционалды қолдау мен ақпараттық ресурстардың интеграциясының маңыздылығын көрсетеді (Han et al., 2025). Әсіресе COVID-19 пандемия жағдайында көмек пен білімнің үзіліп қалуы, әдеттенген күн тәртібінің бұзылуы және белгісіздік жағдай АСБ ата-аналардың жоғары стрессті, мазасыздықты күшейткен (Colizzi et al., 2020; Manning et al., 2021; Nonweiler et al., 2020).

Сонымен, шетелдік зерттеулерді талдау, АСБ балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың мазасыздық күйі жүйелі сипатқа ие және көптеген факторлардың жиынтығын қамтиды: балаға күтім жасауға байланысты жоғарғы жүктеме, әлеуметтік стигма, ақпараттардың қолжетімсіздігі, АСБ баланың әлеуметтенуіндегі қиындықтар, қолдаудың жеткіліксіздігі және болашақтағы белгісіздік. Сонымен қатар мазасыздық ата-аналық стресспен, эмоционалды күйзеліспен және өмір сапасының төмендеуімен байланысты.

Ресейлік Л.С.Печникова (1997), Е.С.Фоминих (2024), И.И. Мамайчук (2014), Е.Д.Красильникова (2022), Шермазанян А.А. (2025) және т.б. авторлардың еңбектерінен аутизм баласы бар ата-аналардың мазасыздық күйінің психологиялық ерекшеліктерін бөліп көрсетуге болады: 1. Аттракцияның жетіспеушілігі. Қоршаған ортамен өзара әрекеттегі мәселе. Айналадағы социуммен қатынастың бұрмалануы. 2. Өзара түсініктің жетіспеушілігі. Отбасы ішілік қатынастың өзара қатынастың деформациясы, отбасының негізгі функцияларының бұзылуы. 3. Ата-аналардың рөлдік/педагогикалық компетенттілігінің жетіспеушілігі. 4. Ұзаққа созылған психоэмоционалды стресс, психогенді стресс. 5. Депрессиялық күйдің, ашушаңдықтың, эмоционалдық қажудың көріністерінің байқалуы, көңіл-күйдің төмендеуі, кінә сезімі, ашу, үмітсіздік, невротикалық күйлер пайда болады, соматикалық шағымдардың жиілігі артып, шаршау мен әлсіреу күшейеді. 6. Дәрменсіздік пен үмітсіздік сезімдері, болашақтан қорқу, жалғыздық сезімі, әлсіздік пен абыржу (сасқалақтау) сезімдері пайда болады. 7. Ата-аналардың құндылықтар жүйесі, дүниетанымы, кәсіби мансапқа қатысты көзқарастары өзгереді, шығармашылық жоспарларын жүзеге асыру мүмкін еместігі байқалады. 8. Өзіне әйел және тұлға ретінде қызығушылық төмендейді, өмірге деген қызығушылық жойылады, өзін-өзі бағалау деңгейі төмен болады.

Қазақстандық авторлардың дәл осы мәселеде қарастырылған еңбектері көп емес және көбіне аралас тақырыптарда (ерекше білім беру, инклюзия, ата-аналық күйзеліс, психологиялық қолдау) қарастырады. Ал біздің алдымызға қойылып отырған мәселеге жақын Пернебекова Ф (2025), Бейсеналина А (2022), Колюх О.А. (2024) және Исакова Б.С. (2023) және т.б. жарияланымдарын атап өтуге болады. Ал ғылыми дәрежені алу мақсатында АСБ балалар мен оның ата-аналарына қатысты тақырыпта А.К.Махадиева (2019), А.Т.Бекмұрат (2025) және Г.Е.Амирбекованың (2024) еңбектері бар.

АСБ баланы тәрбиелеп отырған ата-аналарға қатысты шетелдік зерттеулер көп. Алайда қазақстандық отбасыларда осы мәселені қарастырған зерттеулер өте аз. Сондықтан да АСБ баланың ата-аналарының мазасыздық күйінің әлеуметтік-демографиялық және психологиялық детерминанттарын зерттеу, сонымен қатар осы санаттағы отбасыларға тиімді әлеуметтік-психологиялық көмектің тиімді бағдарламасын өңдеу маңызды болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеудің мақсаты: АСБ балалардың ата-аналарында мазасыздық күйдің пайда болу ерекшеліктерін және мазасыздық деңгейіне әсер ететін әлеуметтік-психологиялық факторларды анықтау болып табылады.

Осы мақсатқа сәйкес келесі міндеттер айқындалды:

АСБ баланы тәрбиелеп отырған ата-аналардың мазасыздық күйінің пайда болу себептерін, көріну динамикасын қарастырған ғылыми еңбектерге жүйелі талдау жасау.

АСБ баланы тәрбиелеп отырған ата-аналардың мазасыздық күйін зерттеу үшін диагностикалық әдістемелерді іріктеу және жүргізу. Алынған нәтижелерге сандық және сапалық талдау жасау.

Зерттеу базасы: «Қызылорда облысы білім басқармасының «Аутизмі (аутистік спектр бұзылыстары) бар балаларды қолдау орталығы («Autism-орталығы» КММ. Осы орталықта АСБ балаларға қолдау алып жүрген ата-аналар. Зерттеуге алынған жалпы ата-аналардың саны 118. АСБ баланы тәрбиелеп отырған ата-аналардың мазасыздық күйін зерттеу үшін ата-аналардың әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында авторлық сауалнама құрастырылды және негізсіз мазасыздыққа бейімділікті экспресс-диагностикалау (В.В.Бойко) әдістемесі алынды.

Авторлық сауалнама екі бөлімнен тұрады. I бөлімде жалпы ата-аналардың жасы, әлеуметтік мәртебесі, АСБ баланың саны, әлеуметтік қолдау алу көздерін анықтауға бағытталса, ал II бөлімде мазасыздық күйді тудыратын факторларды анықтауға бағытталған сұрақтар. II бөлімде сұрақтарға жауап беру нұсқасы 5 балдық Лайкерт шкаласы бойынша (1 – мүлде келіспеймін, 5 – толық келісемін) ұсынылған.

В.В.Бойконың негізсіз мазасыздыққа бейімділікті экспресс-диагностикалау әдістемесі 11 сұрақтан тұрады. Әрбір сұраққа «иә» немесе «жоқ» деп жауап береді. Зерттелушілердің «иә» жауаптарының саны артқан сайын, эмоционалдық мінез-құлықтың дисфункционалды стереотипі соғұрлым айқын көрінеді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Зерттелуші ата-аналарға алдымен авторлық сауалнама жүргізілді. Авторлық сауалнамадан алынған нәтижелер төменде (1-кесте) ұсынылып отыр.

Кесте 1

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары (N = 118)

Айнымалы	Санаты	n	%
Жасы	25 жасқа дейін	41	34,7
	26–35 жас	45	38,1
	36–45 жас	32	27,2
Білімі	Орта	13	11,0
	Орта-арнайы	33	28,0
	Жоғары	65	55,1
Отбасылық жағдайы	Жоғарыдан кейінгі	7	5,9
	Некеде	78	66,1
	Некеде емес	21	17,8
	Ажырасқан	14	11,9
Балалар саны	Жалғыз басты ана	5	4,2
	0–1 бала	25	21,2
	2 бала	32	27,1

	3 бала	34	28,8
	4 және одан көп	27	22,9
АСБ бар балалар саны	1 бала	93	78,3
	2 және одан көп	25	21,7
АСБ баланың жасы	3 жасқа дейін	50	41,7
	3–6 жас	35	30,0
	7–10 жас	19	16,7
	11–14 жас	11	9,2
	14 жастан жоғары	3	2,5
Мамандандырылған көмек алады	Иә	100	84,2
	Жоқ	18	15,8
N=118			

Алынған нәтижелер АСБ диагнозы бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың әлеуметтік-демографиялық құрылымының ерекшеліктерін көрсетеді. Респонденттердің басым бөлігі 26–35 жас аралығында (38,1%). Сонымен қатар, қатысушылардың жартысында жоғары білімге ие (55,1%), бұл олардың ақпараттық және психологиялық ресурстарға қолжетімділігінің жоғары болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Отбасылық жағдай бойынша респонденттердің басым көпшілігі некеде (66,1%). Дегенмен, ажырасқан (11,9%) және некеде тұрмайтын (17,8%) қатысушылар үлесінің болуы АСБ бар баланы тәрбиелеу жағдайында отбасылық тұрақтылық мәселесінің өзектілігін көрсетеді. Себебі баланың диагнозын естігеннен кейін ажырасып кететін отбасылар бар екенін көрсетеді.

Балалар саны бойынша мәліметтер респонденттердің басым бөлігінде 2–3 бала бар екенін (55,9%) көрсетті. Бұл жағдай АСБ диагнозы бар баланы тәрбиелеу отбасындағы жалпы жүктемені арттыратынын және психологиялық, әлеуметтік қолдаудың қажеттілігін күшейтетінін білдіреді.


Жалпы алғанда, алынған нәтижелер АСБ бар балаларды тәрбиелейтін ата-аналардың көпшілігі әлеуметтік тұрғыдан белсенді, білімді және отбасылық жауапкершілігі жоғары топқа жататынын көрсетеді, бұл олардың психологиялық әл-ауқатын зерттеуде маңызды фактор болып табылады.

Сонымен қатар респонденттердің басым бөлігінде бір АСБ диагнозы бар бала бар екенін көрсетті (78,3%), ал 21,7%-ында екі және одан да көп АСБ диагнозындағы бала бар деп көрсетеді. Балалардың жас құрылымы бойынша ең үлкен үлесті 3 жасқа дейінгі балалар (41,7%) және 3–6 жас аралығы (30,0%), 7–10 жас аралығы (16,7%), 11–14 жас (9,2%), ал 14 жастан жоғары (2,5%) құрайды, бұл зерттеуге негізінен ерте жастағы балалардың ата-аналары қатысқанын көрсетеді. АСБ баланың жасы кішкентай болған сайын соншалықты ата-аналарда мазасыздық жоғары болуы мүмкін.

Мамандандырылған көмек алу көрсеткіші жоғары деңгейде – 84,2%, бұл ата-аналардың балаларын оңалту және түзету қызметтеріне белсенді тартатынын көрсетеді. Дегенмен, 15,8% балалар қажетті көмекті алмай отыр, бұл әлеуметтік және медициналық қолжетімділік мәселелерінің бар екенін көрсетеді.

Ата-аналардың жұмыспен қамтылуы бойынша 35,0% толық жұмыс істейді, 31,7% жартылай жұмыс істейді, ал 34,0% декреттік демалыста. Бұл жағдай ерекше күтімді қажет ететін балаларды тәрбиелеу мен кәсіби қызметті қатар алып жүрудің күрделілігін көрсетеді.

Ата-аналарға АСБ баланың күтіміне негізгі көмекті беретіндердің пайызы төменде бірліген (1-сурет).



Сурет 1. Ата-аналарға АСБ баланың күтіміне негізгі көмекті беретіндердің үлес салмағы.

Алынған нәтижелер АСБ диагнозы бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар үшін негізгі әлеуметтік қолдау көзі ретінде жұбайының рөлі басым екенін көрсетті (53,3%). Сонымен қатар, туыстар тарапынан қолдау да айтарлықтай үлеске ие (31,1%), бұл отбасылық және кеңейтілген отбасы ресурстарының маңыздылығын айқындайды.

Мамандардың (психологтар, дефектологтар, дәрігерлер) қолдауы 25,4% жағдайда көрсетілген, бұл кәсіби көмектің жеткілікті деңгейде қолданылмай отырғанын немесе қолжетімділіктің шектеулі болуы мүмкін екенін білдіреді. Сонымен қатар, 9% респондент ешқандай қолдау алмайтынын көрсеткен, бұл топ ерекше назар мен психологиялық-педагогикалық қолдауды қажет етеді.

Жалпы алғанда, нәтижелер АСБ бар баланы тәрбиелеуде ресми емес қолдау (жұбайы, туыстар) басым екенін, ал кәсіби қолдау жүйесін күшейту қажеттілігін көрсетеді.

Сауалнаманың екінші бөлігінде ата-аналарда мазасыздық күйін тудыратын факторларды анықтау болатын (2-кесте).

Кесте 2

Ата-аналарда мазасыздық күйін тудыратын факторлар.

Көрсеткіш	Деңгей	Орташа көрсеткіш
Эмоционалдық шиеленіс (босаңсу қиындығы)	Орташа	3,4
Ата-аналық тиімсіздікке алаңдау	Орташа	3
Баланың әлеуметтік бейімделуіне қорқыныш	орташа	3,2
Созылмалы шаршау (эмоционалдық/физикалық)	Жоғары	4
Эмоцияларды бақылау қиындығы	Орташа	3,4
Тұрақты психологиялық жүктеме	Орташа	3,4
Отбасының болашағына қорқыныш	Жоғары	4
Себепсіз мазасыздық	Орташа	3,2


Сауалнаманың екінші бөлімі бойынша ата-аналардың жауаптарын талдауда оларда айқын эмоционалдық шиеленіс жағдайында екенін байқауға болады. Бұл күйді олардың бос уақытында да толыққанды босаңси алмауымен көрінеді. Сонымен қатар, ең маңызды фактор ретінде баланың әлеуметтік бейімделуіне

қатысты қорқыныш анықталды. Бұдан бөлек, ата-аналардың өздерінің ата-аналық міндеттерін толық орындай алмауым мүмкін деген қорқынышы да байқалады, бұл жасырын мазасыздықтың және өзін-өзі бағалаудың тұрақсыздығының бар екендігін көрсетеді.

Мәліметтерді талдау нәтижелері ата-аналардың айқын созылмалы психологиялық жүктемені бастан кешіретінін көрсетті, ол тұрақты шаршау сезімімен және босаңсудағы қиындықтармен қатар жүреді. Мазасыздықтың негізгі факторы ретінде ата-аналардың өздерінің бастан кешулерін бақылау қиындатылған, үнемі психологиялық шиеленісте жүреді.


Сонымен қатар зерттеу нәтижелері ата-аналардың мазасыздығы жүйелі және көпқұрамды сипатқа ие екенін көрсетті. Ең айқын көрінетін факторлар – отбасының және баланың болашағына қатысты қорқыныш, сондай-ақ тұрақты психологиялық жүктеме мен шаршау сезімі. Сонымен қатар, айқын себепсіз мазасыздану түрінде көрінетін жалпыланған мазасыздық та анықталды, бұл эмоционалдық шиеленістің терең деңгейде екенін білдіреді. Жалпы нәтижелер ата-аналық мазасыздықтың кешенді сипатын және баланың болашағына қатысты алаңдаушылықтың басым екені анықталды.

Енді мазасыздықты тудыратын жағдайлардың көріну дәрежесіне қарай аналар мен әкелердің арасында айырмашылықты көрсету үшін алынған нәтижелер жынысына қарай топтастырылды. Нәтижелер төмендегі суретте ұсынылып отыр (2-сурет).



Сурет 2. Мазасыздықты тудыратын факторлардың көріну дәрежесіне қарай аналар мен әкелердің арасында айырмашылық.

Суреттен байқағанымыздай аналарларда әкелерге қарағанда мазасыздықты тудыратын жағдайлардың ішінде баланың әлеуметтік бейімделуіне қорқу (3,7), созылмалы шаршау (эмоционалды/физикалық) (4,1), тұрақты психологиялық жүктеме (3,8), отбасына болашағына қорқыныш (4), себепсіз мазасыздық (3,6) арасында айтарлықтай айырмашылық бар екені анықталды. Бұдан шығатын қорытынды аналар әкелерге қарағанда АСБ балаға қатты алаңдайтыны. Мазасыздықты тудыратын жағдайлардың ішінде әсіресе себепсіз мазасыздықта үлкен айырмашылық бар. Себепсіз мазасыздықтың аналарда жоғары көрінуін дәлелдей түсу үшін В.В.Бойконың негізсіз мазасыздыққа бейімділікті экспресс-диагностикалау әдістемесі жүргізілді. Алынған нәтижелер 3-суретте ұсынылып отыр.



Сурет 3. АСБ балаларды тәрбиелеп отырған аналардың негізсіз мазасыздықтың көріну дәрежесінің үлесі.

Алынған деректерден көріп отырғанымыздай негізсіз мазасыздыққа бейімділік шкаласы бойынша зерттелушілердің едәуір бөлігінде мазасыздықтың жоғары деңгейі анықталды. Атап айтқанда, 38,4% респондент 10–11 балл жинаған, бұл негізсіз мазасыздықтың айқын көрінетінін және олардың мінез-құлқы мен эмоционалдық реакцияларында тұрақты сипат алғанын білдіреді. Респонденттердің 31,4%-ында орта деңгей (5–9 балл) анықталды, бұл мазасыздыққа белгілі бір бейімділіктің бар екенін көрсетеді. Бұл жағдайда мазасыздық жағдайлық немесе орташа деңгейде көрініс беріп, стресс факторларының әсерінен күшеюі мүмкін.

Ал 30,2% қатысушылар төмен деңгей (0–4 балл) көрсетті, яғни оларда мазасыздыққа бейімділік байқалмайды және эмоционалдық жағдайы салыстырмалы түрде тұрақты деп бағалауға болады.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер мазасыздықтың орта және жоғары деңгейлерінің басым екенін, бұл респонденттерде эмоционалдық шиеленістің қалыптасуына ықпал ететін факторлардың бар екенін көрсетті.

Қорытынды

Сонымен, эмпирикалық зерттеуден алынған нәтижелер АСБ бар балаларды тәрбиелейтін ата-аналардың әлеуметтік-демографиялық және психологиялық ерекшеліктерінің кешенді сипатын көрсетеді. Зерттеу деректері бойынша ата-аналардың басым бөлігі әлеуметтік тұрғыдан белсенді, білім деңгейі жоғары және отбасылық жауапкершілігі айқын көрінетін топқа жатады. Сонымен қатар, олардың көпшілігі 26–35 жас аралығындағы жастар екені анықталды, бұл кезең өмірлік және кәсіби тұрақтану сатысымен сәйкес келеді.

Әлеуметтік қолдау мәселесіне келсек, ата-аналардың басым бөлігі АСБ бар балаға байланысты көмек іздеуге мәжбүр, алайда тек 35%-ы ғана толық күн жұмыс істейді. Бұл жағдай ерекше күтімді қажет ететін баланы тәрбиелеумен байланысты уақыттық және эмоционалдық ресурстардың шектеулілігін көрсетеді. Сондықтан да бала күтіміндегі негізгі қолдау көбінесе жұбайы тарапынан көрсетіледі, ал кәсіби және мамандандырылған көмек жеткіліксіз.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, ата-аналардың едәуір бөлігінде айқын эмоционалдық шиеленіспен созылмалы стресс белгілері анықталды. Бұл күй тұрақты шаршау сезімімен, бос уақытта толыққанды босаңси алмауымен және психологиялық кернеудің жоғары деңгейімен сипатталады. Мазасыздықтың негізгі детерминанты ретінде баланың болашақтағы әлеуметтік бейімделуіне қатысты қорқыныш болып табылады. Сонымен қатар, ата-аналардың өздерінің ата-аналық міндеттерін толық орындай алмауы мүмкін деген уайымы олардың жасырын мазасыздық деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері бойынша ата-аналардың 38%-ында негізсіз мазасыздықтың жоғары деңгейі анықталды, бұл тұлғалық ма-

засыздыққа айналу қаупін арттыруы мүмкін. Әсіресе, аналарда мазасыздық деңгейінің әкелерге қарағанда жоғары болуы гендерлік рөлдердің ерекшеліктерімен және бала күтіміндегі негізгі жүктеменің аналарға түсуімен түсіндіруге болады.

Сонымен, алынған нәтижелер АСБ бар балаларды тәрбиелейтін ата-аналардың психоэмоционалдық жағдайы жоғары қауіп аймағында екенін көрсетеді. Бұл өз кезегінде кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламаларын әзірлеу қажеттілігін көрсетеді. Мұндай бағдарламалар ата-аналардың эмоционалдық ресурстарын қалпына келтіруге, мазасыздық деңгейін төмендетуге және тиімді копинг-стратегияларды қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар өздерінің мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың үлесі

Сулейменова Г.Т. – тұжырымдама жасау, әдістеме әзірлеу, зерттеу жүргізу, мақаланың бастапқы нұсқасын жазу.

Нурадинов А.С. – тұжырымдама жасау, ғылыми жетекшілік, деректерді өңдеу және басқару, нәтижелерді тексеру.

Каримова А.Т. – тұжырымдама жасау, нәтижелерді тексеру.

Әдебиеттер тізімі

Әдебиеттер тізімі

Afzal, M., Iqbal, J., Tanveer, A., & Ali, A. (2025). Insights into Communication Differences of ASD Children and their Parents' Emotional State: 2025.4.1.091. *Applied Social Sciences and Administration Journal*, 4(1), 1635-1643. <https://doi.org/10.55966/assaj.2025.4.1.091>

Amelia, C. R. T., Kurniawan, Y., & Pratiwi, F. (2023). Gambaran kecemasan orang tua pada karier anak berkebutuhan khusus. *Jurnal Penelitian Pendidikan, Psikologi dan Kesehatan (J-P3K)*, 4(2), 71-79. <https://doi.org/10.51849/j-p3k.v4i2.207>

Bitsika, V., & Sharpley, C. F. (2004). Stress, anxiety and depression among parents of children with autism spectrum disorder. *Journal of Psychologists and Counsellors in Schools*, 14(2), 151-161. <https://doi.org/10.1017/S1037291100002466>

Bonis, S. (2016). Stress and parents of children with autism: A review of literature. *Issues in mental health nursing*, 37(3), 153-163. <https://doi.org/10.3109/01612840.2015.1116030>

Carone, N., Baiocco, R., Lingardi, V., & Kerns, K. (2020). Child attachment security in gay father surrogacy families: Parents as safe havens and secure bases during middle childhood. *Attachment & Human Development*, 22(3), 269-289. <https://doi.org/10.1080/14616734.2019.1588906>

Colizzi, M., Sironi, E., Antonini, F., Ciceri, M. L., Bovo, C., & Zoccante, L. (2020). Psychosocial and behavioral impact of COVID-19 in autism spectrum disorder: An online parent survey. *Brain sciences*, 10(6), 341. <https://doi.org/10.3390/brainsci10060341>

Dabrowska, A., & Pisula, E. (2010). Parenting stress and coping styles in mothers and fathers of pre-school children with autism and Down syndrome. *Journal of intellectual disability research*, 54(3), 266-280. <https://doi.org/10.1111/j.1365-2788.2010.01258.x>

Dow, D. M. (2019). *Mothering while Black: Boundaries and burdens of middle-class parenthood*. Oakland: University of California Press.

Estes, A., Munson, J., Dawson, G., Koehler, E., Zhou, X. H., & Abbott, R. (2009). Parenting stress and psychological functioning among mothers of preschool children with autism and developmental delay. *Autism*, 13(4), 375-387. <https://doi.org/10.1177/1362361309105>

Gul, H., Gul, A., & Yurdusen, S. (2021). Do maternal personality traits influence mother-infant interactions and maternal stress? *Journal of Reproductive and Infant Psychology*, 39(3), 268-282. <https://doi.org/10.59188/>

eduvest.v6i1.52772

Han, Z., Zhong, H., & Hansen, P. (2025). Worried, anxious and uplifted: emotions of Chinese parents of children with autism spectrum disorder when expressing information needs. *Aslib Journal of Information Management*, 77(4), 681-700. <https://doi.org/10.1108/AJIM-09-2023-0336>

Han, T., Zhang, C. M., Liu, X. L., Jin, Y., Song, C., & Wang, Z. P. (2026). Internal and external factors related to anxiety and depression in parents of children with autism: the significance of psychological resilience. *BMC Public Health*, 26, 1187. <https://doi.org/10.1186/s12889-025-26140-3>

Hayes, S. A., & Watson, S. L. (2013). The impact of parenting stress: A meta-analysis of studies comparing the experience of parenting stress in parents of children with and without autism spectrum disorder. *Journal of autism and developmental disorders*, 43(3), 629-642. <https://doi.org/10.1007/s10803-012-1604-y>

